Бұл заңның сот саласына тигізер пайдасы зор дегенді талай рет алға тартқанмен нақты іс жүзінде медиацияны қолдану барысы баяу екенін жасырып қала алмаймыз. Бұл сөзімізге айғақ болар дерек іздесеңіз, еліміздің шалғай жатқан елдімекеніне барып, қарапайым халықтан осы заң туралы сұрастырып көріңізші. Мардымды жауап ала алмайсыз. Себебі, қолданысқа енгеніне бірнеше жыл болғанымен, бұл қызметтің талап-міндеті мен мүмкіндігі халыққа толық жете қойған жоқ. Қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады. Ал, негізінен медиатор болу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен даярлау бағдарламасынан өткендігі жөнінде сертификат алуы, жоғары білімі болуы шарт. Ол адамның жиырма бес жасқа толуы және кәсіпқой медиаторлар тізімінде тұруы қажет.

Медиаторлар тәуелсіз және бейтарап болуы тиіс. Медиация тараптары тең құқылы болады, медиация рәсіміне араласуға болмайды, медиатор өзіне белгілі болған құпиялықты сақтауға тиіс. Медиация туралы заңда медиаторға қарсылық білдіру, медиациядан бас тарту сияқты талаптар қарастырылған. Ең басты ескеретіні, сот пен медиация арасында айырмашылық өте көп. Екі жақтың да ұстанымын ескере отырып, дауды бейбіт жолмен шешуді мақсат тұтатын медиаторға қойылатын басты талап – нейтралитеті сақтау. Яғни, бірінің сөзін сөйлеп, екіншісін қараламау қажет. Осы ереже қатаң сақталған жағдайда ғана екі жақ ортақ мәмілеге келе алады. Ал, сандарды сөйлетсек, елімізде әрбір екінші адам сотқа

жүгінеді екен. Астана мен Алматы секілді ірі қалаларда әр судья орта есеппен күніне жеті-сегіз істі қарайды. Себебі, шағымын айтып, әділеттілік іздеген қарапайым халықтың дені дау-жанжалды сотқа жеткізбей-ақ, медиацияның да көмегімен шешуге болатынын ескере бермейді. Сөз соңы. Халқымызда: «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген сөз бар. Асқынып кеткен үлкен даудың бетін қайтарып, жанжалдасқан екі жақты құда етіп қоятын қазақтың даналығына не жетсін? Ұрыс, даудан іргесін аулақ салып үйренген халықпыз. Ал, ел арасы мен ағайын ішінен іріткі шықса, істі ушықтырмай ауыл ақсақалының, ел ағасының алдына барып шешетін. Айналып келгенде медиация халқымыздың қанында бар, салт-дәстүріне жат емес.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы
2. Медиация — искусство разрешать конфликты. Знакомство с теорией, методом и профессиональными технологиями / Составители: Г.Мета, Г.Похмелкина / Перевод с нем. Г.Похмелкиной. — М.: Издательство Verte, 2004. — 320 с. ISBN 5-94866-002-8
3. Хертель, Анита фон. Профессиональное разрешение конфликтов: Медиативная компетенция в Вашей жизни. — СПб.: Издательство Вернера Регена, 2007. — С. 272. — ISBN 978-5-903070-11-4.
4. Бесемер, Христоф. Медиация: Посредничество в конфликтах / Перевод с нем. Н. В. Маловой — Калуга: Духовное познание, 2004. — 176 с

Автор туралы:

Алпысбай Аида Болатқызы, Қостанай, Қазақстан, Қостанай Мемлекеттік университетінің Заң факультетінің 2 курс студенті.

*Аханова Ж.М.*

*2 курс студенті*

*«Құқықтану» мамандығы*

*Ғылыми жетекшісі – Тажибаева А.Х.,*

*А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ аға оқытушысы, з.ғ.м.*

## ҚР ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, «еңбек – адам мен қоғамның өмір сүру және қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға



бағытталған адам қызметі» [1].

Еңбек заңнамасының заңдылығын сақтау жөнінде қадағалау мен бақылау азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі арнайы уәкілетті органдардың ерекше қызметі болып танылады. ҚР еңбек кодексіне сәйкес мекемелерде, ұйымдарда, өндірістік кәсіпорындарда еңбек заңдылықтарын сақтау бойынша Мемлекеттік бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізеді. Қадағалау мен бақылау – бұл уәкілетті мемлекеттік, ведомствалық және қоғамдық органдардың әр түрлі тексеру нысандары ретінде танылады.

Конституцияда азаматтардың басты құқығын сақтап қалу үшін денсаулығын сақтау құқығын бекітті, сонымен бірге жұмыскерлердің денсаулығын сақтау мен қауіпсіз еңбек шарттарына құқығы бар екендігі қарастырылған. Сонымен қатар, еңбек аясындағы – адамдық қатынастардың тағы бір маңызды құқығы бар. Тәжірибеде заңдылықты қамтамасыз ету шарттарында осы аймақтағы заңдардың сақталуын қадағалайтын және бақылайтын ұйым жүйелері қызмет етеді, олардың басты мақсаты – заңдардың бұзылып, бұрмалануына жол бермеу.

Бақылау органдары, өздерінің басқарушылық иегерлігімен, тек қана бақылаушы және қадағалаушы нысандардың тексерулеріне сәйкес тексеру жүргізе алады, сонымен қатар табылған бұзақылықтар мен қабылданған әкімшілік заңдық тапсырыстарын да бере алады. Әкімшілік тапсырмаларын орындамаған жағдайда, белгілі дәрежеде құқықтық жауапкершіліктерге тартылады: оның шешімдерінің күші жойылады, жұмыскердің құқығы қалпына келтіріліп, кінәлі лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы – Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік еңбек инспекциясының басшысы жүзеге асырады. Мемлекеттік еңбек инспекцияларының бас мемлекеттік инспекторлары – еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік еңбек инспекциясының лауазымды адамдары, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік еңбек инспекторы - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік еңбек инспекциясының облыстық, республикалық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшесінің басшысы, мекемелердегі, ұйымдардағы, өндірістердегі Мемлекеттік бақылау мен қадағалаушылар жекеменшік формасы мен қол астындағылардың формасына, сонымен қатар олардың бақылауындағы еңбектік техникалық Тау-кен ісіндегі еңбек қауіпсіздігі және құқықтық инспекциялары осы инспекциялардың нұсқауларына сәйкес болады.

Қазақстан Республикасы еңбек құқығында еңбек заңнамасының сақталуына бақылау жасау алдығы қатарда тұрған мәселелердің бірі.

Себебі, еңбек заңнамасы нормаларының сақталмауы бұл азаматтардың, жұмыскерлердің еңбек құқығы саласындағы құқықтарының бұзылуына алып келеді. Ал бұл дегеніміз ҚР Конституциясының 24-бабында көзделген нормалардың бұзылуын туындатады [2].

Еңбек заңнамасы нормаларының сақталуы, оның дұрыс салада жұмыс істеуі үшін еңбек инспекторларының атқаратын орны ерекше. Еңбек қатынасы бар субъектілерде еңбек заңдылықтарының сақталуын қадағалайтын бірден-бір орган – мемлекеттік еңбек инспекциясы болып танылады.

Еңбек инспекторларының негізгі міндеттеріне тоқталатын болсақ, олар елімізде еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру, олар бойынша тексерулерді уақтылы және сапалы жүргізуі, жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тергеп-тексеруге қатысуға еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін уақтылы қарау және тағы басқалар. Елімізде кәсіпкерліктің аяққа тұрып кетуіне қолдау ретінде қабылданып жатқан шаралардың арқасында жоспарлы тексерулердің саны жылдан-жылға азайып келеді, сондықтан негізгі тексерулер мемлекеттік мекемелер мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жүзеге асырылуда. Оның орнына, еңбек заңдылықтарының бұзылатындығын айқындайтын өтініштер саны көбеюде. Өтініштегі мәселенің ауырлығын жұмыстан қуылған немесе жұмыс беруші еңбек құқығын бұзған өтініш иесі мен еңбек инспекторы ғана біледі. Негізсіз жұмыстан қудаланған, заңсыз қызметінен босатылған, маңдай терімен тапқан жалақысын ала алмаған жұмысшының шағымын қарағанда немесе жұмысшының жұмыс берушінің кінәсінен жазатайым жағдайға душар болып мүгедек болып қалғанын немесе ажал құшқанын көргенде еңбек инспекторына мәселені жұмысшының пайдасына шешу оңайға түспейді.

Жасыратыны жоқ, жұмыс берушіге қарағанда, жұмысшының мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, еңбек инспекторы соңғының мәселесінің оң шешілгенін қалайды. Кей кездері бір шағымды бір жеті, тіпті одан көп мерзімге дейін қарауға тура келеді. Өз кезегінде жұмыс беруші жұмысшының заң білмегендігін пайдаланып, оны кінәлап, құжаттарын өзінің ыңғайына қарай көндіріп қояды. Құжаттар жұмыс берушінің пайдасына сөйлеп тұрған соң, құқығы аяқасты болған жұмысшы тағы наразы болады. Сөйтіп, еңбек инспекторы біресе арызданушыдан сөз естіп, біресе жұмыс берушімен сөзге келіп, екі оттың арасында жүреді. Жұмысшыларға да таңғаласың кейде. Өздері жұмыс берушінің қорқытқанынан «өз еркімен жұмыстан босату жөнінде» арыз беріп алады да, бізге «күштеп жаздырды», сол үшін «мені қайтып өзімнің жұмысыма орналастырыңыздар» деп келіп тұрады. Ал олай болу мүмкін емес.

Өйткені, ол құжат бойынша «өз еркімен босатуды» сұраған. Сондықтан, еңбек инспекторларының жұмысын бағалау үшін олардың жүргізген тексерулерінің саны мен сапасына, қанша адамның еңбек құқығын қорғағанына немесе қанша заң бұзушылықтар анықтағанының, оның қаншасының жойылуына септігін тигізгеніне қарағаны жөн.

Еңбек заңдылығының сақталуын бақылау мен қадағалауды шартты түрде үшке бөліп қарастырамыз:

Біріншіден, еңбек қатынасы – жұмыскердің жұмысқа кіріскеннен бастап, барлық еңбек құқықтарының сақталуы: еңбек демалысын алуы, жалақысының уақтылы төленуі, әлеуметтік қорғалуы, тағы басқалары.

Екіншіден, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау – жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытылуы, нұсқаулықтан өткізілуі, жазатайым жағдайлардан сақтандырылуы, мекемедегі жұмыс орындарының аттестациялануы және басқалар.

Ал үшінші бөлік жұмыспен қамту заңдылықтарының сақталуын бақылау – жұмыс берушінің өзіндегі пайда болған бос жұмыс орны жөніндегі мәліметті тиісті жергілікті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне уақтылы берілуін қадағалау, сондай-ақ шетел жұмыс күшінің елімізде атқарып жатқан еңбегінің заңдылығына бақылау жасау сияқты жұмыстар.

Еңбек инспекторы еңбек заңдылығының бұзылғандығын анықтаса, ол өз бастамасымен заң талаптарын бұзған жұмыс берушіге немесе лауазым иесіне тиісті хаттама толтырып, әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде қаулы қабылдайды. Яғни, еңбек инспекторларының осы құзыреті әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде шешім қабылдайтын судьялардың қызметтеріне ұқсап кетсе, өндірісте немесе кез келген жұмыс орындарында жазатайым оқиғалар орын алатын болса, еңбек инспекторлары құқық қорғау органдарындағы тергеушілер секілді облыстың еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысы – облыстың бас мемлекеттік еңбек инспекторының бұйрығымен аталған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру комиссиясының төрағасы ретінде тергеу жұмыстарын жүргізеді.

Еңбек инспекторлары бұзылған еңбек заңдылықтары бойынша шешімді жеке-дара қабылдайды. Егер азамат немесе жұмыс беруші еңбек инспекторының қабылдаған шешіміне көңілі толмай шағым жасайтын болса, ол шағымын не сотқа, не болмаса жоғары тұрған лауазым иесі – облыстың бас мемлекеттік еңбек инспекторына бере алады.

Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган: еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптың, Қазақстан

Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады, сондай-ақ еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның қызметін үйлестіреді және қызметін тексеруді жүзеге асырады; еңбек қатынастарын реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылықты және оларды үйлестіруді жүзеге асырады; еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдардан еңбек қатынастары мәселелері бойынша қажетті ақпаратты сұратады; облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік еңбек инспекторын тағайындауды келіседі; мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі қызметін үйлестіреді; еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласында үйлестіруді және басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жұмыскерлердің және жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Облыс бойынша жұмысшылардың өз еңбек құқықтарын білуі орташа деңгейде деп есептейміз. Сонымен қатар, өткен жылдармен салыстырғанда жыл сайын жұмысшылардың өз еңбек құқықтарын білу деңгейі артып келе жатқандығы байқалады. Осы мәселеге байланысты, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің іс-шаралар жоспары бойынша облыс кәсіпорындарында мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерінің қатысумен және еңбек инспекторларының күшімен еңбек заңнамасы негіздері бойынша жалпы оқыту ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, біздің басқарма өткен жылы жергілікті жерде облыста 45 кәсіпорнының 1700-ге тарта қызметкерлерін қамтып, оқу өткізді. Оқу өткізу жұмыстары биыл да өз жалғасын табуда, әсіресе биылғы жылы ауыл шаруашылық саласында шаруа қожалықтары басшылары мен өкілдерін оқытуға көңіл бөліп отырмыз [3].

Ағымдағы жылдың 18 сәуірінде Махамбет ауданының 30-дан астам шаруа қожалықтары өкілдерінің қатысуымен аудан орталығында оқу өткізілді. Жыл аяғына дейін қалған аудандарда да осындай оқу өткізілетін болады. Бұл ретте атқарылатын ауқымды шараларға тоқтала кетейін. Мемлекеттік еңбек инспекциясы қазіргі уақытта өндірісте еңбек қауіпсіздігін бақылау үшін ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау заңнамасын сақтау жағдайына тексеру ұйымдастырып, оны жүргізеді. Одан басқа, өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастанудың себебіне, болу жағдайына талдау жасап, олардың алдын-алу жолдарын қарастыруға жұмыстанамыз.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды өз уақытында тергеп, тұтастай тәртіпті қамтамасыз етеміз. Қоғамдық комиссияға, жұмысшы топтың жұмысына қатыса отырып, ұйымдарда қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеріп, емтиханнан

өткізу де бізге жүктелген.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары 2015 жылы атқарған іс-шаралар нәтижесінде 12,6 мың жұмыскердің құқығы қорғалып, оларға 1,5 млрд. теңге төленді. Мемлекеттік еңбек инспекторлары республиканың 216 кәсіпорнында 13,7 мың жұмысшының алдында жалақы бойынша 1,6 млрд. теңгеден аса қарыз бар екенін анықтады. Аталған кәсіпорындардың жетекшілеріне орындалуға міндетті 154 ұйғарым беріліп, 13 млн. теңгеден астам сомаға айыппұл салынды. Атқарылған шаралар, оның ішінде жалақы бойынша қатаң кестелер және қарызды өтеу мерзімін нақты белгілеу нәтижесінде 12,6 мың жұмысшының құқығы қорғалды. Оларға 1,5 млрд. теңге төленді. Жалпы, өткен жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 7232 тексеріс жүргізіп, 21 мыңнан астам ҚР еңбек заңнамасын бұзу фактілерін анықтап, 287,4 млн. теңге сомаға айыппұл салды [4].

Жұмыс бойынша ұсыныстар:

Еңбек кодексінде жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын нормалардың толықтырылса;

Өкінішке орай, еңбек құқықтары бұзылған жұмыскерлер қайда барып арызданатындарын біле бермейді. Сондықтан да, еңбек инспекторлары жайлы ақпараттар қолжетімді болса. Қортындылай келе, ҚР Еңбек кодексінің көзделген еңбек заңнамасының сақталуына бақылаудың алатын орны ерекше. Егер де қандай да заң нормасын шығарып, бірақ оны реттейтін санкция қолданбасақ заң нормаларының дұрыс, заңды орындалуына ешқандай кепілдік болмас еді. Яғни еңбек заңнамасы нормаларын сақталуын бақылай отырып біз біріншіден жұмысшылардың құқықтарының бұзылу салдарын анықтап, оның болашақта болдырмауының алдын аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы (2017.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // Жариялануы: «Егемен Қазақстан» 2015 жылғы 25 қараша № 226 (28704).

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <http://adilet.zan.kz>.

3 Еңбек инспекторы еңбекші мүддесін қорғайды, 14.05.2014. // <http://www.mastana.kz>.

4 Талғатұлы Д. Еңбек инспекторлары жалақы қарызына жол бермейді // <http://khabar.kz/archive/kz/o-am/item/12001-e-bek-inspektorlary-zhala-y-aryzyna-zhol-bermejdі>.

Автор жөнінде мәлімет:

Аханова Жансая Мусағалиевна, Қостанай қ. Қазақстан.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУі Заң факультетінің 2 курс студенті



**Әлімжан Н. А.**  
**2 курс студенті**  
**«Құқықтану» мамандығы**  
*Ғылыми жетекшісі – Тажибаева А.Х.,*  
*А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ аға оқытушысы, з.ғ.м.*

## **ҚР ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ**

Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы (БҰҰ Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында 1948 жылы 10 желтоқсанда 217 А қарауында қабылданды) адам құқығына демалысты және бос уақыты, сондай-ақ шектеулі жұмыс уақытын және кезекті ақылы демалысты әр бір адамның ажырамас құқығы ретінде бекітті [1].

Тынығу уақытына азаматтардың құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 24 бабының 4 тармағында бекітілген. Әркімнің тынуға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен бекітілген жұмыс уақытының ұзақтығына демалыс және мереке күндеріне жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі [2].

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы тынығу уақыты болып табылады. Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің 1 бабы 1 тармағы 77 тармақшасына сәйкес тынығу уақыты – жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты [3].

Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің 22 және 23 баптарында қызметкер тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына құқығы бар, ал жұмыс берушінің қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге міндетті деп көрсетілген. Соған орай Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің еңбек шартының бір тармағында (қызметкерге) жыл сайынғы ақылы демалыс алу құқығын берсе, сонымен бірге басқа тарапы (жұмыс берушіні) қызметкерге жыл сайын демалыс беруге міндеттейді.

ҚР Конституциясында қызметкердің демалуына құқығы бекітіліген: «Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі».

Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес әрбір азаматтың еңбек демалысын алуға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамға еңбек қатынастарын реттейтін заң актілерінде белгіленген белгіленген жұмыс уақытына, демалыс және мейрам күндерінде демалуға, жыл сайынғы ақысы төленетін кезекті еңбек демалысын алуға кепілдік берілген.

Жұмыс барысында тынығу уақытының түсінігі мен түрлері, оның ішінде жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер мен күнделікті (ауысымаралық) тынығулар, демалыс күндері (вахтааралық тынығу), мереке күндері, демалыстар: жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстары мен әлеуметтік демалыстар түрлері және шетелдердегі еңбек демалыстары мен олардың берілу тәртіптері қарастырылды. Осыдан аңғарғанымыз, қай елде, қай заңнамада болмасын тынығу уақыты еңбек заңнамасының негізгі ажырамас бөлігі екенін байқадық. Осыларға нақтырақ тоқталайық:

1) Жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер мен күнделікті (ауысымаралық) тынығулар. Олар өз кезегінде тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс және ауысымшылық және арнайы үзілістерге бөлінеді. Жұмыскерге күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде тынығуға және тамақтануға арналған, ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге тиіс. Тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс беру уақыты, оның ұзақтығы еңбек тәртіптемесі қағидаларында, еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді. Тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс уақыты жұмыс уақытына қосылмайды. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін болмайтын жұмыстарда жұмыс беруші жұмыскерді жұмыс уақытында арнайы жабдықталған орында тынығу және тамақтану мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, тынығудың және тамақтанудың тәртібі мен орны ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Жұмыскерге күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде тынығуға және тамақтануға арналған, ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге тиіс. Тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс беру уақыты, оның ұзақтығы еңбек тәртіптемесі қағидаларында, еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді. Тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс уақыты жұмыс уақытына қосылмайды. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін болмайтын жұмыстарда жұмыс беруші жұмыскерді жұмыс уақытында арнайы жабдықталған орында тынығу және тамақтану мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, тынығудың және тамақтанудың тәртібі мен орны ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

2) Демалыс күндері. Жұмыскерлерге апта сайын демалыс күндері беріледі.

Бес күндік жұмыс аптасында жұмыскерлерге аптасына екі демалыс күні, ал алты күндік жұмыс аптасында – бір демалыс күні беріледі. Бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында жексенбі жалпы демалыс күні болып табылады. Бес күндік жұмыс аптасындағы екінші демалыс күні ұжымдық шартта немесе еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленеді.

Қолданылатын жұмыс режимдеріне және ауысымдық кестелерге (вахталар кестелеріне) қарамастан, мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар – православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады.

3) Мереке күндері. Қазақстан Республикасындағы ұлттық және мемлекеттік мерекелер атап өтілетін күндер Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес мереке күндері деп танылады. Қазақстан Республикасындағы мереке күндері жұмыс істемейтін күндер болып табылады. Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады. Ауысымдық кесте немесе вахталық кесте бойынша вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді мереке күндерінде, сондай-ақ демалыс күндерінде жұмысқа тарту үшін жұмыскерлердің жазбаша келісімі және жұмыс берушінің актісін шығару талап етілмейді. Еңбек кодексінің 86-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа жұмыскердің және ауысымдық кесте (вахталар кестесі) бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлердің жазбаша келісімімен немесе оның өтініші бойынша жұмыс берушінің актісі негізінде жол беріледі. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін жұмыскердің қалауы бойынша оған басқа демалыс күні беріледі немесе көрсетілген мөлшерде ақы төленеді. Мереке күндері кезеңінде, сондай-ақ демалыс күндерінде жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.

4) Демалыстар. Демалыстардың өзі екіге бөлінеді: жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстар мен әлеуметтік демалыстар. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы негізгі және қосымша ақылы еңбек демалыс түрлеріне бөлінеді.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы қолданылатын жұмыс режимдері мен кестелеріне қарамастан, еңбек демалысы күндеріне тура келетін мереке күндері есепке алынбай, күнтізбелік күндермен есептеледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысының жалпы ұзақтығын есептеу кезінде жыл сайынғы қосымша еңбек демалыстары жыл сайынғы негізгі еңбек демалысына қосылады. Бұл ретте жыл сайынғы еңбек демалысының жалпы ұзақтығы ең жоғарғы шекпен шектелмейді.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына құқық беретін жұмыс стажына:

нақты жұмыс істелген уақыт;

қызметкер нақты жұмыс істемеген, бірақ оның жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы толық немесе ішінара сақталған уақыт;

қызметкер еңбекке уақытша жарамсыздығына, оның ішінде

жүктілігіне және босануына орай демалыста болған уақытына байланысты нақты жұмыс істемеген уақыт;

қызметкер жұмысына қайта алыну алдында нақты жұмыс істемеген уақыт қосылады.

Қызметкерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру ерекшеліктері еңбек кодексінде белгіленеді. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша бөліктерге бөлінуі мүмкін. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына талаптар сақтала отырып, белгіленген жағдайларда және тәртіппен ауыстырылады, ұзартылады, үзіледі. Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу ол басталардан күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы кестеден тыс берілген жағдайда — ол берілген күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Әлеуметтік демалыс деп ана болуға, балалардың күтіміне, өндірістен қол үзбей білім алуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында және өзге де әлеуметтік мақсаттар үшін қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату түсініледі.

Қызметкерлерге әлеуметтік демалыстардың мынадай түрлері:

жалақы сақталмайтын демалыс;

оқу демалысы;

баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар беріледі.

Еңбек шартында, ұжымдық шартта қызметкерлерге үздіксіз ұзақ жұмысы, маңызды, күрделі, жедел жұмыстарды, сондай-ақ өзге де сипаттағы жұмыстарды орындағаны үшін көтермелеу сипатында жыл сайынғы ақылы қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін.

Жоғары бөлімдерде салыстырмалы түрде қарастырғанымыздай тынығу уақыттары, соның ішінде ақы төленетін еңбек демалыстары біздің елімізде ғана ең кем дегенде 24 күн беріледі екен. Ал, Америка Құрама Штаттарында демалыс саласы туралы заңнамалар мүлдем жоқ деп айтуға болады. Әлемнің басқа елдеріне қарағанда американдықтарда демалыс ұзақтығы өте қысқа, бар болғаны 14 күн. Америкада жұмысшының қызмет ету мерзімінің ұзақтығына байланысты демалыстың ұзақтығын жұмыс беруші шешеді. Орташа алғанда жұмысшылар фирмада бірінші жыл қызмет еткенде 9,6 күн, екінші жылдан кейін 11,5 күн, 3 жылдан кейін 13,8 күн, ал 5 жылдан кейін 16,9 күнге ақы төленетін еңбек демалысын алады. Осыған қарамастан американдықтардың тек 14 пайызы ғана демалыстың 14 күнін толығымен алады. Ал қалғандары демалысқа ең көп дегенде 10

күнді ғана алады [4].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып, жеке ел болғаннан бері басқа шетелдік мемлекеттермен қарым-қатынастар жасай басталды. Шетел азаматтар біздің елге келіп еңбек етсе, керісінше біздің елдің азаматтары да шетелге шығып, тәжірибе алмаса бастадық. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының кейбір мемлекеттерде өз елшіліктері ашылып, оған қазақ азаматтары жұмысқа тартылды. Материалдық қамтамасыз етілуі жағынан шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлеріне теңестірілген қызметкерлер үшін жұмыс уақыты мен демалыс уақыты келген елдің еңбек туралы заңдарына сәйкес белгіленеді. Ал жұмыс уақытының ұзақтығы, келген елдің климатына байланысты белгіленеді. Сондай-ақ шетелдегі қызметкерлердің еңбек демалысының берілу кезектілігін осы елдегі Қазақстан Республикасы мекемесінің кәсіподақ комитетінің келісімімен әкмішлік белгілейді. Сонымен қатар еңбек жағдайлары ауыр, зиянды жұмыстармен шұғылданатын қызметкерлердің еңбек демалыстары күндерінің ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек кодексінде белгіленген қосымша еңбек демалыстарын алуға құқық берілген.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған // <http://adilet.zan.kz>.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <http://adilet.zan.kz>.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // Жариялануы: «Егемен Қазақстан» 2015 жылғы 25 қараша № 226 (28704).
4. Жүнісбеков М. Жақын шетелдергі еңбек жағдайы // Қостанай таңы 2015 – 2 тамыз 3 б.

Автор жөнінде мәлімет:

Әлімжан Нұрсұлтан Алхарбекұлы, Қостанай қ. Қазақстан.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Заң факультетінің 2 курс студенті



*Кайргалиев А.Н., магистрант  
специальности «Юриспруденция»  
Научный руководитель – Хакимова Г.Е.,  
к.ю.н, доцент КГУ имени А.Байтурсынова*

## **ОБМАН КАК ОБЯЗАТЕЛЬНЫЙ ПРИЗНАК СОСТАВА МОШЕННИЧЕСТВА**

Характерной особенностью объективной стороны мошенничества является способ совершения данного преступного деяния. Именно своеобразным способом противоправного завладения чужим имуществом (или права на него) это преступление отличается от других корыстных преступных посягательств на собственность. Используя обман и злоупотребление доверием, мошенник вводит в заблуждение владельцев имущества, чтобы добиться его добровольной передачи в его распоряжение. Лица, во владении или введении которых находится имущество, будучи введенными в заблуждение, внешне добровольно передают имущество преступнику, полагая, что последний имеет право его получить.

Именно этим отличаются мошенничество от других преступлений против собственности, при которых завладение имуществом потерпевшего осуществляется за некоторыми исключениями (например, при причинении имущественного ущерба путем обмана или при злоупотреблении доверием) помимо его воли.

Конечно, обман сам по себе ещё не есть изъятие. В составе мошенничества обман выполняет роль вспомогательного действия, обеспечивающего результат основного действия – изъятия имущества и обращения его в свою пользу – и включается в него.

Обманом считается как сообщение ложных сведений, так и заведомое сокрытие обстоятельств, сообщение о которых было обязательно. Г.Н.Борзенков определяет обман «как всякое искажение истины или умолчание об истине» [1,с.29].

Под мошенническим обманом Б.С.Никифоров понимает общение между людьми, содержанием которого служит внушение одним человеком другому неправильного представления об обстоятельствах, имеющих значение для определения поведения обманываемого. Мошеннический обман представляет собой вторжение в сферу представлений другого лица о действительных основаниях его действий по распоряжению имуществом или совершению им действий имущественного характера [2,с.91].

На наш взгляд, наиболее удачную трактовку дает А.В.Кузнецов: «обман характеризуется как сознательное введение в заблуждение кого-либо относительно определенных обстоятельств, событий, явлений, фактов

путем искажения действительного представления о них» [3, с.71].

Обман в юридической литературе определяется как «сознательное искажение истины (активный обман) или умолчание об истине, состоящее в сокрытии фактов или обстоятельств, которые при добросовестном и соответствующем закону совершении имущественной сделки должны быть сообщены (пассивный обман)».

Итак, активный обман состоит в преднамеренном введении в заблуждение собственника или иного владельца имущества посредством сообщения ложных сведений, представления подложных документов и иных действий, создающих у названного лица ошибочное представление об основаниях перехода имущества во владение виновного и порождающих у него иллюзию законности передачи имущества. Активную форму обмана следует охарактеризовать с объективной стороны как искажение истины. Это выражение более полное, чем сообщение ложных сведений, которое предполагает лишь словесную форму обмана, тогда как обман нередко совершается путем различных действий. Создание мошенником у потерпевшего неверных представлений о явлениях действительности, о свойствах предметов или лиц - это и есть искажение истины.

Пассивный обман заключается в умолчании о юридически значимых фактических обстоятельствах, сообщить которые виновный был обязан, в результате чего лицо, передающее имущество, заблуждается относительно наличия законных оснований для передачи виновному имущества или права на него. Пассивную форму обмана точнее характеризует умолчание об истине, чем «сокрытие истины» или «сокрытие обстоятельств, фактов» и т.п. Само «сокрытие» может быть также двух видов: активное (например: маскировка недостатков вещи) и пассивное (простое умолчание). Но «сокрытие истины» первого вида охватывается понятием «искажение истины», которое включает все проявления активного обмана.

С учетом вышеизложенного можно кратко определить обман как всякое «искажение истины или умолчание об истине».

Обман характеризуется тем, что он обязательно предполагает, кроме обманывающего, так же и «объект» воздействия – лицо, вводимое в заблуждение. Трудно говорить об обмане, если отсутствует обманутый (или хотя бы лицо, которое предполагалось обмануть). Отсюда, «обман – это информационное, интеллектуальное воздействие одного человека на волю и сознание другого. Он всегда рассчитан на ответное поведение, то есть обманывают главным образом, не столько, чтобы ввести в заблуждение, сколько для того, чтобы склонить обманываемого к определенному поведению» [4, с.79].

Обман, как способ хищения, может выражаться в сообщении ложных, не соответствующих действительности сведений, в умолчании или

сокрытии тех или иных обстоятельств и фактов при условии, что верная информация остановила бы контрагента от вступления в сомнительную сделку. Сообщаемые мошенником ложные сведения могут быть самыми разнообразными.

Содержание мошеннического обмана составляют обстоятельства, в отношении которых мошенник вводит в заблуждение потерпевшего. Содержанием обмана являются обстоятельства как объективного, так и субъективного характера (например, намерения субъекта). События, по поводу которых создается заблуждение, могут относиться к настоящему, прошлому или будущему времени. В судебной практике развитых стран принято считать, что «содержание обмана могут быть обстоятельства, относящиеся только к настоящему или прошлому, и не признается мошенничеством обман в обстоятельствах, относящихся к будущему» [5, с.31]. Как отмечал К.Кенни, различие между настоящим и будущим «подразумевается тем, что заявления, в которых говорится именно о будущем и только об одном будущем, могут тем не менее, подразумевать и настоящее» [5, с.31]. Так, утверждение субъекта о том, что он намерен заплатить (в будущем), можно истолковать как заявление о своей платежеспособности (в настоящее время).

Ложное обещание - наиболее типичный обман в обстоятельствах, относящихся к будущему. Практически возможен обман и в отношении будущих действий третьих лиц, и в отношении событий, наступление или не наступление которых не зависит от обманщика. При мошенничестве такого рода обман, как правило, не применяется, ибо никто не станет платить деньги или передавать имущество преступнику за наступление или не наступление события, которое заведомо не зависит от обманщика.

Мошенничеству характерны такие виды обмана, как обман в отношении личности и обман в намерениях.

1. Обманы в отношении личности. «Обманы в лице» очень часто встречаются в делах о мошенничестве. Обычно мошенник сообщает ложные сведения о самом себе или о своем соучастнике. Обман может касаться и третьих лиц, когда речь идет о факте существования того или иного лица.

Преступник может выдавать себя за другое лицо, назвавшись чужим или вымышленным именем, наиболее распространенная форма такого обмана - использование подложного документа. Возможен и словесный обман, особенно при посягательствах на собственность. Обман мошенника может состоять лишь в присвоении чужого имени в тех случаях, когда оно дает определенные правомочия.

В других обстоятельствах обман при мошенничестве не исчерпывается одним лишь использованием чужого имени, Таковы, например, слу-

чаи получения товаров в кредит или вещей напрокат по подложным документам, Здесь преступник обманывает не только в отношении своего имени, но и в отношении своих намерений. Давая обязательства о возвращении взятых напрокат вещей (или о погашении кредита), он в действительности не намерен его выполнять. Использованное чужое имя в таких случаях создает основную предпосылку для последующего обмана. Данное обстоятельство характерно и для мошенничества в сфере кредитования. Используя чужое имя мошенник получает в банке кредит, не намереваясь его возвращать.

Разновидностью обмана, относящегося к личности, является обман в личных качествах, когда субъект приписывает себе или своему соучастнику свойства, которых он в действительности не имеет. Если это качество непосредственно является основанием для получения имущества, то обман, будет мошенничеством.

2. Обман в отношении намерений (ложные обещания). Содержанием мошеннического обмана может быть обещание выполнить какие-либо действия в пользу лица, отдающего имущество. В действительности виновный не намеревается исполнить свое обещание и, получив имущество потерпевшего, обращает его в свою пользу. Отсюда следует, что понятие «обман в намерениях» и «ложные обещания» можно, считать тождественными.

Характер ложных обещаний при мошенничестве бывает различным, но всегда служат основанием для передачи имущества. Если ложные обещания являются основанием для передачи имущества, оно нередко сопровождается дополнительным обманом в обстоятельствах, которые играют только воспитательную роль. Дополнительный обман совершается для того, чтобы вызвать особое доверие к себе.

Иногда мошенник, прежде чем взять деньги у потерпевшего, предварительно своими действиями или ложными утверждениями стремится создать у него впечатление, что принятое поручение успешно выполняется: звонит в присутствии потерпевшего «на поставщика, на склад» и изображает разговор по поводу отпуска дефицитного товара, демонстрирует подложные документы на отпуск товара и т.д. Такого рода ложная информация о ходе выполнения данного обещания также входит в содержание мошеннического обмана.

В связи с тем, что активная форма обмана выражается в передаче искаженной информации, обман в форме бездействия возможен в том случае, когда обманывающий сообщает часть правдивых сведений и умалчивает о других. Поэтому под бездействием, как формой обмана следует понимать «частичное» бездействие, выразившееся в утаивании информации, получив которую человек не был бы введен в заблуждение. Здесь заблуж-

дение обманутого достигается одновременно двумя путями - действием и бездействием.

Ложные сведения могут быть сообщены в утвердительной или отрицательной форме. Разница между утверждением или отрицанием относительна. Отрицание наличия какого-либо факта равносильно утверждению об отсутствии этого факта.

Таким образом, способом завладения имуществом при мошенничестве может быть любой обман, каких бы обстоятельств он ни касался. Изучение содержания мошеннического обмана и специфических особенностей его отдельных видов необходимо для правильной оценки степени общественной опасности преступных действий при мошенничестве в целях индивидуализации наказания, а также более успешной борьбы с этим преступлением путем выявления наиболее типичных способов обмана и устранения причин и условий, способствующих совершению мошеннических посягательств.

#### Список литературы:

1. Борзенков Г.Н. Ответственность за мошенничество (вопросы квалификации). - М.: Юридическая литература, 1971г.
2. Никифоров С.Б. Борьба с мошенническими посягательствами на социалистическую и личную собственность по советскому уголовному праву. - М.: Госюриздат, 1960г.
3. Кузнецов А.В. Ответственность за подлог документов по уголовному праву. - М., 1991г.
4. Сабитов Р.А. Обман как средство совершения преступления. - Омск, 1980г.
5. Кенни К. Основы Уголовного права. - М., 1949г.
6. Каиржанова С.Е. Преступность в сфере банковской деятельности. Алматы, Экономика, 2006г.
7. Кучуков К.М. Расследование мошеннических действий. Учебно-практическое пособие. Алматы, «Аян Эдет», 2001г.

Сведения об авторе:

Кайргалиев Асылболат Нурханович, г. Костанай, Казахстан.

Магистрант 2 курса юридического факультета Костанайского государственного университета им.А.Байтурсынова



*Мадигалиева Б.Ж.*

*2 курс студенті*

*мамандығы «Юриспруденция»*

*Ғылыми жетекші- аға оқытушы Ахмедина К.К.*

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік Университеті*

### **МОРАЛЬДІК ЗИЯНДЫ ӨТЕУ МӨЛШЕРІ**

Моральдік зиян немесе залал сот жүйесінде онша көп кездесе бермейді. Яғни, АҚШ-тағыдай адамдардың көпшілігі моральдік өтемақы талап ете бермейді. Бірақ, сонда да бұл туралы, қандай жағдайларда талап етуге құқылымыз, ал қандай жағдайларда болмайтынын, осындай өтемақылар талап ету үшін шарттар бар екендігін біліп жүргеніміз жақсы.

Сотқа талап арыз бере отырып адамдар, моральдік зиянды өтеу талабын көрсетеді. Осындай өтемақы туралы қандай жағдайларда айтқан орынды болады және оның мөлшері қандай? ҚР Азаматтық кодексінде моральдік зиян «жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзім тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түнілту, тән қиналуы, залал шегу қолайсыз жағдайда қалу және т.б. (ҚР АҚ 951 бабы)» деп айқындалған.

Жауапкершіліктің бірінші шарты моральдік зиянның болуы, яғни физикалық және мінез-құлықтық азап шегуінен туындаған теріс өзгерістердің болуы болып табылады.

Екінші шарт-құқыққа қарама қайшылықтың болуы. Заң шығарушы моральдік зиян келтіргені үшін жауапкершілік шарты ретінде құқыққа қарама қайшы әрекеттерді негізді түрде белгілейді.

Үшінші шарт моральдік зиян келтіргені үшін жауапкершілік-құқыққа қарама қайшы әрекет пен моральдік зиян арасындағы себептік байланыс. Жасалған құқыққа қарама қайшы әрекет басты себеп болуы тиіс.

Келтірілген моральдік зиян үшін жауапкершілік жалпы жағдайда зиянды келтірушінің кінәсі болған кезде туындайды-бұл төртінші шарт.

Шындығында, бұл жерде моральдік зиян оны келтірушінің кінәсіне қатыссыз өтелетін айырықша жағдайлар бар, егер:

1. Зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;
2. Зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұл тартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа

емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

3. Зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

4. Заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өтеледі.

Осы нормалар ҚР Азаматтық кодексінің 951-бабында қамтылған.

Бұдан басқа, моральдік зиян өтемақысының мөлшерін айқындау кезінде жәбірленушінің жеке басының ерекшеліктері есепке алынуы тиіс. Жоғарыда көрсетілгендей моральдік зиян тән немесе жан азабының нәтижесінде туындайды.

Тән азабы-бұл таза тәнге байланысты санат, әртүрлі адамдарда әртүрлі ауруды сезіну белгілері болады, тән ауруына шыдау қабілеттері шыдау қабілеттері әртүрлі, сондықтанда бірдей күшпен ұру арқылы балаға, қарт адамға не ересек ер адамға келтірілген моральдік зиянды бірдей бағалау дұрыс емес.

Бұдан басқа моральдік зиянның мөлшерін анықтаған кезде осындай зиян келтірілген адамның материалдық жағдайын ескеру қажет (ҚР АҚ 952-бабы). Осы жағдайда жәбірленушінің материалдық жағдайын ескерудің қажеттілігі өтелетін зиянның ерекшелігіне қатысты болып тұр. Моральдік зиян материалдық емес санат ретінде ақшалай сомамен бағалана алмайды. Моральдік зиянды өтеу жәбірленушіге өтелген сома есебінен ол басынан кешкен тән немесе жан азабына тең мөлшерде оң әсерді сезіну мүмкіндігін беру болып табылады.

Бұдан басқа, өтемақы мөлшерін айқындау кезінде сот соған қарап есептей алатындай базис болып табылатын моральдік зиян өтемақысы сомасының шамасын айқындау қажет. Өтемақының орташа мөлшерін жалақының төменгі мөлшерінде бірден 100 ЕАҚ-ге дейін айқындауға болады. Талап қоюшының тікелей міндеті сот отырысына моральдік зиян өтемақысың сомасын негіздеп ол сілтеме жасап отырған барлық растайтын фактілерді, дәлелдерді ұсыну болып табылады. Осылайша, моральдік зиянды өтеу және бәрінен бұрын азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян салдарынан туындайтын қатынастарда мүмкін болды. Өтемақы мөлшерін сот айқындауы тиіс, кейбір жағдайларда құқықтық нормамен белгіленіп, бір реттік сома түрінде төленеді. Қолданыстағы заңнама моральдік зиянның тек қана бір нысаны көзделген-ол ақшалай.

Бірақ бұл ретте моральдік зиян өтеу туралы істер бойынша өтемақы мөлшерін тек қана сот айқындайды және осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтауға тиіс. Моральдік зиян өтемақысының мөлшерін, егер оны анықтаған кезде азаматтың өзіндік мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты мән-жайлар ескерілсе ақыл-парасатқа сай әрі әділ деп есептеген

жөн. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы болады. Бірінші сатыдағы сот өндірген моральдік зиян өтемақысының мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін болса, жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралуы мүмкін («Соттардың моральдік зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысының 7-т.)

Моральдық зиянды өндіру туралы талаптарды қарау барысында жауапкершіліктің шарттары болып, зиянның болуы, азаматтың құқыққа қайшы әрекетінің немесе әрекетсіздігінің салдарынан тұлғаның жан немесе тән азабына түсуі, зиян келтірген адамның әрекетінің құқыққа қарсы болуы; құқыққа қарсы әрекет пен келтірілген зиянның арасында себептік байланыстың болуы және зиян келтірушінің кінәсі анықталуы тиіс.

Моральдық зиян, зиян келтіруші тарапынан оның заң актілерінің нормаларының тікелей талабына сәйкес ол іске асыруға міндетті немесе жәбірленушінің талабы бойынша сот шешімімен белгіленген ақша нысанында моральдық зиянға өтем жасалған кезде моральдық зиян толық өтелген болып табылады.

Сот тәжірибиесінде моральдық зиянды өндіру барысында өтем тек ақша нысанында жасалатындықтан, келтірілген моральдық шығынның ақшалай мөлшерін анықтау барысында қиындықтар туындайтыны рас.

Алайда соттар моральдық зияннан келген өтемнің мөлшерін анықтау барысында әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге ала отырып, анықтайды. Себебі кейбір жағдайларда талап қоюшылар моральдық зиянды өндіру туралы талабын жоғары мөлшерде бағалап, соттан өндіруді талап етеді. Соттар істің мұндай жағдайында мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтап, сот анықталған өтем мөлшері талапкер мәлімдеген талаптардың тиісті мөлшерде қанағаттандырылуы туралы негізді тұжырым жасауға мүмкіндік берсе, ол әділ әрі жеткілікті мөлшерде жасалды деп саналады. Егер бірінші сатыдағы сот өндірген мүліктік емес зиянға жасалатын өтемнің мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған заң талаптары мен принциптерге сәйкес келмейтін болса, апелляциялық және қадағалау тәртібі бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Сот тәжірибиесінде көптеп кездесетін жағдай, ол жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян үшін өтем өндіру туралы азаматтардың талаптары, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің қасақана ниетінің салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде оның

ыркынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзі иесінің моральдық зиян үшін ақша нысанында өтем жасауға тиіс.

Жоғары қауіптілік көзін иеленген адамдар құқыққа қайшы әрекеттерімен жәбірленушіге мүліктік зиян келтірген жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттерді осындай зиянды келтірген адамдар тікелей өздері көтереді. Егер жоғары қауіптілік көзі оның иесінің кінәсі болған кезде де құқыққа сай иеліктен шықса, онда мүліктік зиян үшін жауапкершілік үлес тәртібімен зиян келтірушінің тікелей өзіне, сондай-ақ жоғары қауіптілік көзінің иесіне жүктеледі. Сот тәжірибиесі бойынша аталған санаттағы істерді қарау барысында тәжірибие жинақталған, соттар бұл санаттағы істерді қарау барысында зиянның болуын, зиян келтірген адамның әрекетінің құқыққа қарсы болуын; құқыққа қарсы әрекет пен келтірілген зиянның арасында себептік байланыстың болуын және зиян келтірушінің кінәсін, мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтап, әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге ала отырып шешеді.

Қорыта айтқанда, ұлттық заңнамадағы моральдік зиянды өтеу институтына осы моральдік зиянға өтету істерін салыстырмалы түрде енді қолға алғандығына қарамастан, соттар талданып отырған санаттағы істердің көп санын қарапта үлгерді. Олардың арасында қауіптілігі жоғары адамдардың дене жарақаттарын келтіруімен, басқа құқықбұзушылықтармен қатар бүлдіретін мәліметтерді таратумен байланысты моральдік зиянды өтеу туралы талап арыздар саны көп.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995ж. өзгертулер мен толықтырулар 1998 ж.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім және ерекше бөлім 01.07.1998 жыл)
3. Жайлин Ғ.А.-Алматы: Заң әдебиеті, 2006
4. Ащеулов А.Т.-жеке адамға қылмыспен зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

Автор жайлы мәліметтер:

Мадигалиева Ботагоз Жанарбековна, Қостанай қ. Қазақстан Заң факультетінің 2 курс студенті А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік Университеті.

*Муздубаев Т. С.  
Студент 4 курса  
специальности «Юриспруденция»  
Научный руководитель – Алдабергенова А.И.,  
м.ю.н., ст.преподаватель КГУ им. А. Байтурсынова*

## **ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О ДОЛЕВОМ УЧАСТИИ В ЖИЛИЩНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

В судебной практике основная масса споров связана с расторжением договоров долевого участия в связи с невыполнением обязательств застройщиком сроков передачи доли в жилом здании дольщику, взыскании внесенных по договору сумм, а также взыскания неустойки (пени) в случае нарушения застройщиком предусмотренного договором срока передачи дольщику его доли в объекте недвижимости.

В соответствии с пп. 1, 2 ст. 404 ГК РК односторонний отказ от исполнения договора (отказ от договора) допускается в случаях, предусмотренных ГК РК, иными законодательными актами или соглашением сторон. По требованию одной из сторон договор может быть изменен или расторгнут по решению суда только: 1) при существенном нарушении договора другой стороной; 2) в иных случаях, предусмотренных ГК РК, другими законодательными актами или договором [1].

Существенным признается нарушение договора одной из сторон, которое влечет для другой стороны такой ущерб, что она в значительной степени лишается того, на что она вправе была рассчитывать при заключении договора.

Мемлекет өзінің міндеттерінен бас тартып, аталған халықаралық ұйымнан шығып кете алады. Барлық халықаралық - құқықтық құжаттардың ішінде халықаралық құқықтың бастау көзі болған бірқатар халықаралық келісімдер де бар. Бірінші кезекте, оларға әрине Адам құқығы туралы халықаралық билль жатады. Ол өзіне Дүниежүзілік адам құқығы Декларациясын (1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған), экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт (1966 жылы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданды және қол қоюға ашық), азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт (1966 жылы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданды және қол қоюға ашық) және оған қосымша Факультативті хаттамалар [1, 217б].

Сонымен Адам құқықтары бойынша негізгі халықаралық құжаттардың қатарына төмендегілер жатады:

**1. Біріккен Ұлттар Ұйымымен және оның мекемелерімен қабылданған құжаттар. Бұл құжаттар бірнеше топтарға бөлінген:**

а) Адам құқықтары туралы халықаралық билль. б) Өзін-өзі анықтауға құқық (БҰҰ Бас Ассамблеясының декларациясы және резолюциясы). в) Дискриминацияны ескерту (декларациялар, конвенциялар және хаттамалар). г) Бала құқығы (декларациялар және конвенциялар). д) Әйелдер құқығы (декларациялар және конвенциялар). е) Ақпарат бостандығы (конвенциялар). и) Гуманитарлық құқықтар (конвенциялар және протоколы). й) Еңбек құқығы (конвенциялар).

**2. Аймақтық құжаттар. Европа Кеңесі, Африка, Азия, Американың аймақтық мемлекет аралық ұйымдары, сондай - ақ Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша Ұйым қызметі және адам құқығы бойынша өткізілген конференция қорытындысы қабылданған аймақтық құжаттар** (Рим, 1950 жыл; Турин, 1961 жыл; Хельсинки, 1975 жыл; Мадрид, 1983 жыл; Вена, 1989 жыл; Копенгаген, 1990 жыл; Париж, 1990 жыл; Москва, 1991 жыл; Хельсинки, 1992 жыл; Вена, 1993 жыл; Страсбург, 1995 жыл және тағы басқалары). Бұдан өзге, ТМД елдері үшін ТМД-ғы қызметінің шеңберінде адам құқығының саласында қабылданған құжаттар маңызға ие (декларациялар, келісімдер, конвенциялар, екіжақты және көпжақты келісімдер)[2, 220б ].

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап адам құқығының саласындағы халықаралық құжаттардың аз бөлігін ғана ратификациялады, олар: 1949 жылғы соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясы, 1977 жылғы оған қосымша I және II хаттамалар (1993 жылы 31 наурызда ратификациялады); 1989 жылғы бала құқығы

туралы Конвенция (8 маусым 1994 жыл) және т.б. Бұдан өзге, Қазақстан ТМД шеңберінде қабылданған адамның құқығы бойынша бірқатар құжаттарға қосылды не болмаса ратификациялады, оның ішінде 1991 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісім (23 желтоқсан 1991 жыл); 1993 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Жарлығы (20 сәуір 1994 жыл); 1996 жылғы 29 наурыздағы Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Белоруссия Республикасы және Қырғызстан Республикасы арасындағы экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы Келісім.

Балалардың еңбегіне тосқауыл қою жұмысына қатысушы елдерге техникалық көмекті көрсетудің мақсатында ХЕҰ-ы балалардың еңбегіне тосқауыл бағдарламасын (БЕТБ) құрастырды. Балалардың еңбегіне тосқауыл бағдарламасының жұмысы ұлттық деңгейдегі бастамашыларға, сонымен бірге Конвенция қағидаларының ұлттық заңдарға кірістіріліп, тәжірибеде орындалудың қажеттілігіне бағытталған.

Аталмыш бағдарлама Қазақстанда да орындалуда. Балалардың еңбегіне тосқауыл қоюы бойынша халықаралық бағдарлама қолданған «Орта Азияда балалар еңбегіне тосқауыл қоюды жүзеге асыру әрекеті» (PROACT-CAR, III-кезең) атты ХЕҰ - ның жобасы Орта Азиядағы төрт елдің балалардың еңбегінің ауыр түрлерімен күресіне бағытталған.

Ендігі кезекте осы халықаралық деңгейде балалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрылған қордың қызметіне тоқталдық. ЮНИСЕФ – ол БҰҰ - ның Балалар қоры – Біріккен Ұлттар Ұйымының. ЮНИСЕФ жұмысының ең негізгі мақсаты – балалардың құқығын қорғау және қауіпсіз, дені сау және бақытты балалыққа балалар құқығын қолдау. ЮНИСЕФ (UNICEF – United Nations International Children’s Emergency Fund, халықаралық төтенше балаларға көмек қоры) атауы. Екінші дүниежүзілік соғыстың құрбандары болған балаларға көмек үшін қор құру жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы шешім қабылдаған уақытта 1946 жылы пайда болды. Кейіннен Қор ЮНИСЕФ аббревиатурасының сақталуымен БҰҰ Балалар қоры деп аталды.

ЮНИСЕФ – тің Балалар қоры 1945 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының бірінші конференциясында негізі қаланды. Қор болса Екінші дүниежүзілік соғыстан жапа шеккен балаларға көмектер көрсетуі үшін ұйымдастырылғандықтан, қордың алғашқы атқарушы директоры Морис Пэйт: «Балалардың арасында жау жоқ», - деп мәлімдеді. Ол балалардың мүдделерін соғыстан кейінгі дүние жүзіндегі саясаттан жоғары қойды. [3, 108б]

Тұңғыш рет Омбудсмен мектебі 1809 жылы Швецияда пайда болды, ал Ұлы Отан соғысынан соң Омбудсмен институттары өзге де мемлекеттерде пайда болды. Омбудсмен қызметінің негізгі бағыттары:

Балалар құқығын қорғауға қатысты билікті бақылау; нақты бір жағдайдағы, нақты бір баланы қорғау; Балаларға құқықтық білім беру; Заң процестеріне қатысу; балалар құқығын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Бала омбудсмені ретінде әлемде көптеген баланың құқығын қорғау бойынша көптеген іс шаралар жүргізіле бастады. Мысалы осы ЮНИСЕФ баяндамасына сай, жас өспірім үшін жағымды болатын елдер тізімінің басында тұрған Дания елінің тәжірибесі ерекше қызығушылық шақырады. Данияда балалар құқығын қорғауға үлкен қызығушылық болғанына қарамастан, бала омбудсмені ойы бойынша барлық балалар өз құқықтары туралы білмейді. Жағдайды өзгерту үшін, 2007 жылдың соңында үкімет қаржыландыратын, жаңа жоба басталды, оның мақсаты бала құқығы туралы ақпарат жинау және балаларды өз құқығын қорғауға көмек сұрауға үйрету. Дания омбудсмені баланың жеке мәселесіне, мүгедек бала құқығына, жәбірленген балаларға шоғырланған сайт құрды. Балалар сайтында әр түрлі тақырыпқа журналдар мен бейне роликтер қойылған. Мысалы: «бала құқығы бұзылғанда не істеу керектігін білесің бе?»; «Көмек іздеу керек!»; «Маған қоңырау шал!»; «Балаға ешкім қол көтере алмайды, тіпті оның ата-анасы да!»; «Ересектерден кімге сенесің, сонымен сөйлес!» және т.б. Одан бөлек, омбудсмен Дания білім жүйесіне конвенцияны игеру бойынша курс енгізуді ұсынды. Міне осындай баланың қорғау бойынша жұмыс атқаратын ұйымның қызметін елімізде кеңінен пайдалану жүргізіле бастады [4].

1992 жылы ақпан айында БҰҰ Балалар қоры және Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы қазақстандық балалардың жағдайына баға беруі үшін жас тәуелсіз республикаға өзінің алғашқы миссиясын ұйымдастырды. Осы миссия Қазақстандағы ЮНИСЕФ қызметіне алғашқы бастама болды, оның алғашқы жобасы қызылша мен полимилитке қарсы бүкіл балаларды иммунизациялау болды.

Мысалы, балалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғаудың мәселелерін шешудегі Қазақстанның қол жеткізген жетістіктерін ескере отырып, Комитет ЮНИСЕФ - тің қолдауымен 2006 жылғы желтоқсан айында Орта Азия мемлекеттері балаларының құқықтарын қорғауы бойынша Бірінші Форумды өткізді. Аталған форумның жұмысына балалық шақты қорғаудың мәселелерімен айналысатын Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінің өкілдері, халықаралық ұйымдардың өкілдері, Ресей, Литва, Румыния және өзге мемлекеттерден келген шетелдік қонақтар да ат салысты. Форумның нәтижесі бойынша БҰҰ бала құқықтарын қорғау Конвенциясы, Мыңжылдық мақсаттары және «Балалардың өмір сүруіне лайықты әлем» концепциясы негізінде баланың құқықтарын іс жүзіне асыруы бойынша Орта Азия мемлекеттері арасында

ведомствоаралық ынтымақтастық механизмі дайындалды.

ЮНИСЕФ мандаты өткен он бес жылдың ішінде айтарлықтай өзгерді: вакциналарды, дәрі - дәрмектерді жеткізуден және өзге де материалдық көмек көрсетуден өзге қоғам потенциалын нығайтуға және отбасы және баланың мүдделері үшін алдыңғы қатарлы озық әлеуметтік технологияларды енгізуге көшті.

ЮНИСЕФ БҰҰ жүйесіндегі агенттіктердің ішіндегілердің алғашқылардың бірі болып бұрынғы астанамыз Алматыдан көшті және ол Қазақстанның жаңа астанасы – Астанада өзінің өкілділігін ашты. Бүгінгі таңда ЮНИСЕФ офисінде Астанада 30 - ға жуық қызметкер және Алматыда бес қызметкер жұмыстарын жасайды. Барлық қызметкерлер – жоғары санатты мамандар және Балалар құқығы туралы Конвенцияны іс жүзіне асыруды өздерінің басты міндеті санайды.

Сол 1946 жылы құрылған және қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламалар және Ұлттық комитеттер арқылы 193 мемлекетте жұмыс жасайтын БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) әрбір баланың құқығы сақталатын әлемді құруға деген көмектесетін қозғаушы күш болып келеді. Ол шешімді қабылдауға жауапты тұлғаларға ықпалын көрсетуі үшін ғаламдық тұрғыдағы беделге ие. Ол ЮНИСЕФ ұйымын өскелең ұрпақпен жұмысты жасаушы дүниежүзілік, сондай - ақ аймақтық ұйымдардың арасында әмбебап ұйым ретінде көрсетеді.

Бүгінгі уақытта БҰҰ ЮНИСЕФ Балалар Қоры мен Дағдарыс орталығы одағының қолдауымен эксперимент ретінде Алматы қаласында № 150 ұлттық сенім телефонының жүйесін енгізу, соңынан республиканың бүкіл өңірлеріне енгізу жоспарлануда, пилоттық жобаны іс жүзіне асыру бойынша жұмыс басталды.

ЮНИСЕФ балалардың құқығын қорғауы бойынша алғашқы халықаралық ұйым болды, бүгінде ЮНИСЕФ балалар құқығы жөнінде Конвенцияны жетекшілікке алады.

Жалпы Қазақстандағы ЮНИСЕФ қызметі келесі үш негізгі бағытқа шоғырланады:

1. Әлеуметтік саясат және білімді басқару. ЮНИСЕФ балалар мен әйелдер, сонымен қатар маргиналдық және осал топтардың жағдайына қатысты ақпаратты жинауда қолдау көрсетеді. Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі ұлттық даму бағдарламасы, стратегиялар, қазақстандық заңнама және балалар мен әйелдер құқығына қатысты қоғамдық бастаманы қамту және ықпал ету саласын зерттейді.

2. Денсаулық және балалар мен жасөспірімдердің дамуы. 2002 жылдың маусымында Қазақстан полиомелиттен еркін ел ретінде Дүниежүзілік Сақтау Ұйымымен және ЮНИСЕФ-пен сертификатталды.

3. Балаларды қорғау. Қазақстандағы балалардың құқықтарын



қорғау саласында отбасыны сақтау, әлеуметтендіру және сауықтыру бойынша оларға мерзімді көмек көрсету мақсатында қауіп бар топтағы отбасын ерте анықтау мәселелері шешілмеген болып табылады.

ЮНИСЕФ жақын болашақта Қазақстандағы, әсіресе шалғай аудандар мен осал қауымдастықтарда өмір сүретін балалардың өмірін жақсарту, сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау саласында Қазақстан заңнамалық жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарын жалғастырады. [5]. Қазақстан балалар құқығы бойынша Конвенцияға қосылды, және сарапшылар пікірі бойынша, жақын арада өзге мемлекеттер үшін жарқын мысал бола алады.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Каламқарян Р. А. Международное право. Учебное пособие. Эксмо, 2006, 358б.
- 2 Богуславский, М.М. Международное частное право: Учебник. –5-е изд., перераб. и доп. - М.: Юристъ, 2005. - 604 с.
- 3 Білім ұйымдарында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы Білім бөлімдерінің және білім ұйымдарының мамандарына арналған оқу құралы [bala-kkk.kz/kk/node/452](http://bala-kkk.kz/kk/node/452)
- 4 ҚР-нда білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы "Қазақстанда білім саласы қарқынды дамуда" <http://www.bala-kkk.kz/kk/node/395>
- 5 ҚР-ның Бала құқықтары туралы конвенция ережелерін іске асыру туралы 4-інші мерзімдік баяндама 2015 жылғы 16-17 қыркүйек Женева қаласы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитеттің 70-сессиясы [bala-kkk.kz/kk/node/452](http://bala-kkk.kz/kk/node/452)

*Бахитжанова Айша Бахитбековна  
I курс студенті  
«Ветеринарлық медицина» мамандығы  
Ғылыми жетекші - Байтасова М.Ж.,  
Қостанай мемлекеттік университеті  
заң факультетінің аға оқытушысы*

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және делауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

XX ғ. соңында сыбайлас жемқорлық жаһандық, әлемдік ауқымда

таралып кетті.БҰҰ, Еуропа Кеңесі, Америка Мемлекеттері Ұйымы, Еуропалық Одақ, Еуропалық Комиссия, т.б. халықаралық ұйымдар сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша әр түрлі бағдарламаларды құрып, қабылдайды, көптеген елдер заңнамасы сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Бүгінгі таңда біздің еліміз талай жетістіктерге қол жеткізді. 26 жыл ішінде Қазақстан Республикасы ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздік рухын жандандырып, әлемдік экономикада тұрақты ел ретінде қалыптасып, талай елдермен саяси-дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.. Бұл үлкен жетістіктеріміздің ішіндегі тек кішкене бөлігі. Әрбір құбылыстың өзіндік жағымсыз жақтарының болуы баршамызға мәлім.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде қоғамға еніп, қалыпты жүйеге айналып кеткені ешкімге де жасырын емес. Сыбайлас жемқорлық бұқаралық ақпараттар құралдарының күнделікті негізгі тақырыптардың бірі болып кетті, өйткені осындай жағымсыз құбылыстар саны күннен күнге өсіп келе жатыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күндегі үлкен мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасы жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды [1, б. 6].

Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Қазіргі заманғы қазақстан қоғамында сыбайлас жемқорлықтың себептері мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары саласында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі;

2. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орындарында, ең алдымен жоғарғы оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы;
4. Мемлекеттік органдардың шенеуніктерінің, мемлекеттік ұйымдардың, мекеме және кәсіпорындардың басшыларының арасында ашық түрде мүлкі, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы;
5. Кейбір шапшаң өсетін басшылардың мемлекеттігі, азаматтығы және патриотизмінің төмен деңгейі;
6. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысының және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуының ынталандыру шараларының төмендігі;
7. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсібилік-деңгейінің төмендігі;
8. Мемлекеттік басқару саласынан табыс етілетін елдің үкіметтік емес ұйымдары ұсынатын әлеуметтік қызметтер саласы жазықтығының тарлығы.

Қазақстан совет үкіметінен кейінгі кеңістікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңын қабылдады және халықаралық конвенсияларға қосылды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің есептеу нүктесі 1998 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» бірінші Заң қабылдануы болып есептеледі [2]. Осы уақыттан бастап ҚР Президентінің сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы бірқатар Жарлығына қол қойылды, оның ішінде «Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы».

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазіргі таңда қоғамымыздың қасіретіне айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жан-жақты айтылып келеді. Жолдауда Елбасы мемлекеттік органдардың барлық деңгейінде жемқорлықтың тамырын жоюға бағытталған міндеттер жүктеп, онымен күресу жолдарын күшейту қажет екенін көрсетуде. Атап айтқанда елімізде паракорлықпен,

қылмыспен және құқық бұзушылықпен күрес туралы арнайы заңдар қабылданған.

Осы заң аясында қоғамның дамуына елеулі зиян келтіретін кеселмен бітіспес күресті күшейту, әрбір қазақстандықтардың жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру арқылы оның тамырына балта шабуға болатындығы нақты көрсетілген. Сонымен қатар елімізде қабылданып, іс жүзінде қолданыстағы заңдардың мақсаты- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және көлеңкелі экономикамен күресті нығайту, құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қатаңдатуға бағытталған. Осы бағыттағы қолға алынған шаралар қазіргі кезде өз жемісін бергенімен, әлі де болса сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтудің маңызы зор деп білеміз.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында Жарқайын аудан прокуратурасының қызметкерлері сыбайластықты болдырмау мақсатында, оның жолын кесу үшін бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында азаматтық қоғам институттарының — саяси партиялардың, әр түрлі үкіметтік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы кеңейуде.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ақпараттық-талдау қызметі негізінде кешенді жұмысты талап етеді, соның ішінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың ұтымдылығын бағалау бойынша [3, б.25-29].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын іске асыру маңызды құралының бірі Президент жанында қызмет ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Комиссия болып табылады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс және бұл дерт қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге өңірлік-деңгейде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі жанындағы облыстық Тәртіптік кеңестері міндеттелген.

Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша ішкі саясат бөлімінің кадрлық қызметі жұмысын ұйымдастыру

Бөлімінің кадрлық қызметінің жұмысы кәсібилік, жұмыстағы ашықтық және айқындық принциптеріне негізделі отырып құрылған.

Бөлімінің қызмешілерінің жыл сайынғы декларацияларын уақытында тапсыру мәселесі бөлімінің кадрлық қызметінің ерекше бақылауында.

Бөлімінде 2016 жылға арналған оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес құқықтық жалпы оқыту жүргізіледі.

Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін сақтау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі.

Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Бұзушылықтар және бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар әлі күнге дейін енгізілуде. Бірақ та көпшілігінің де нәтижесіз қалуы, олардың дұрыс орындалуында ойлануға мәжбүрлейді. Сондықтан бұл саяси –күреске біршама жаңа бағдарламалар мен өзгерістер енгізген жөн. Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында біршама шет елдерден үлгі алуға болады. Мысалы: Сыбайлас жемқорлық - қоғам мен мемлекеттің қылмыстық сипат алуы сияқты қауіпті ұғым. Оның жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі - ол мемлекеттіліктің негізін құлдыратып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. Ол бүкіл әлемдік мәселе, соның ішінде Сингапур – Азиядағы сыбайлас жемқорлық құбылысы мардымсыз елдердің бірі.<sup>2</sup> Ол Швейцария мен Австралиядан кейінгі 3 орында деп жарияланған. Арнаулы зерттеулерге жүгінсек, ол 12 Азия мемлекеттерінің ішінде ең аз сыбайласқан мемлекеттердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық елдердің заңнамаларында қарастырылған, бірақ Сингапур үкіметі сияқты жүйелі, әрі қатаң заң талаптары - біраз елдерде ғана бар. Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты өзінің жетістіктерімен таңдандырады. 1960 жылдан бастап мемлекет көшбасшылары бастаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жан-жақты бағдарламаны жүзеге асырды.

Сингапурдағыдай Жапондық заң шығарушы сайлау кампанияларының, партиялар мен өзге де саяси ұйымдарды қаржыландыруда қатаң шектеулер қояды, сайлауда кандидаттар, саяси қорлар пайдасына қайырымдылық көрсетудің қатаң реттеу тәртібін енгізеді. Оларға түсетін және олар жұмсайтын қаражаттар жөнінде есептеме тәртібін орнатады. Заңды бұзу қайырымдылық көрсетуші және саяси қайырымдылықты алушы, сондай-ақ екеуінің арасында делдал болушы жауапты тұлғаларға ықпалын тигізетін жазалау қолдануға мәжбүрлейді. Жапон мемлекетінің сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесі өте қызықты, өйткені бұл елде сыбайлас жемқорлықпен күрестің көптеген нысандары қолданылған. Жапондықтар бай



демократиялық дәстүрлері бар мемлекеттердің жемқорлықпен күрес тәжірибесінің жаңалықтары және тарихымен етене танысып отырады. Тіпті олардың өздерінің заңдарымен салыстырғанда басқа елдердің күресу тәжірибесі әлдеқайда пайдалы екендігін мойындап отырады. Соңғы кездегі Жапон мемлекетіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының жеткен жетістігі қомақты.

Бүгінгі таңда елімізде халықаралық стандарттарға сай заң базасы құрылды, әділет органдарының өкілеттігі кеңейіп құлаш жайып, алға қойылған міндеттерді атқаруда. Келешекке қойылған мақсаттарды еш кедергісіз орындалуын қамтамасыз етейік! Бүгінгі күні ата-бабамыз еліміздің көркейуіне қосқан үлесін қадірлеп қастерлеп, халқымыздың әл ауқатын жақсартуға, экономикасын ары қарай көтеруге, мемлекетіміздің гүлдеп жайнауына, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында аянбай еңбек етуіміз қажет [4, б.22].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гараев Р.Ф., Селихов Н.В. Сыбайлас жемқорлық түсінігі // Тергеуші. - 2001. – №2.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасыныңғы 2 шілдедегі №267 Заңы
3. Алауханов Е. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің проблемалары. //Заң. - №2. 2013. – Б. 25-29.
4. Сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздері / ғылыми ред. С.В. Максимов. - М.: Спарк, 2000. - 22 б.

Автор туралы мәлімет:

Бакитжанова Айша Бахитбековна, Қостанай қ. Қазақстан  
Ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультеті  
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

**Г. Рүстемқызы,  
I курс студенті**

*Ғылыми жетекші - А.Жумабаева,  
А.Байтұрсынов ат. ҚМУ аға оқытушысы*

## **ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ**

«Баланы дұрыс тәрбиелеу-бұл біздің  
қарттық шағымыз,  
Жаман тәрбиелеу-келешек қасіретіміз»

А.С. Макаренко

Шынымен де, баланы тәрбиелеу кезінде ата-ана қоғамды тәрбиелеу жолында екендігінен хабардар болмағандықтан ба, бар жауапкершілікті сезінгісі келмегендіктен бе қоғамдағы әлеуметтік сұрақтар өз жауабын табар емес. Олардың бірі әрі ең едәуірісі –сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес экономикалық, саяси, құқықтық, психологиялық, білім беру және тәрбиелік шаралар жүйесін қолдануды болжайды. Атап өткен жүйелердің жемқорлыққа қарсы күресте орынды екендігіне ешкім күмән келтірмес. Алайда, тәрбиелеудің ерекше формасы ретінде отбасының рөлін жете бағаламауға болмайды. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің қосымша саласын шектеуге, оның әсер ету дәрежесін төмендетуге, зиянды салдарын азайтуға күш салу қажет және мектептегі білім, отбасылық тәрбие қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылығын қалыптастыруға өз үлесін қоса алады және қосуға тиіс.

Әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы :

«Сәбиінде көкірекке түйгені-

Өлгенінше санасында жүреді!

Ұяда не көрсе, соны іледі,

«Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» - деген бәйітінде өмір есігін енді ашқан жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасы атты әлеуметтік институттың рөлі зор. Өскелең ұрпақтың жадында тәрбие қағидаларын дарыту – отбасында, ең алдымен ата-анасының ыстық махаббаты мен мейірімінен, шынайы қамқорлығынан басталады.

Айта кеткендей, бар мәселе құндылықтарға тірелуге шақ, расымен. Жемқорлыққа бейімі бар адам мен материалды құндылықтармен санаспайтын тұлғаны ажырату қиын емес. Екіншісі өзінің нақтыланған ұстанымдары мен білімімен көзге түседі. Екеуінің тәрбиесі екі бөлек болғаны туралы да күмәнсіз айта аламын.

Халық данасы Абай: «...Адам ата-анадан туғанда есті болмайды:

естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деген сөзі тәрбиенің, ал оның ішінде отбасыдағы тәрбиенің маңызын, өзектілігін айқындайды [1]. Қоғамда адал, парасатты болудың керегі шамалы деген ой қалыптасқан, өкінішке орай. Яғни, жоғарғы құндылықтарға деген сенімге селкеу түскені ме?!

Психологиялық тұрғыдан тұрақталған ұстанымдарға күмән келтіру мүмкін емес. Сонда отбасының көшбасшы тәрбиелеудегі негізгі міндеттері-ұстанымдар мен құндылықтарды анықтау, тұрақтандыру, қалыптастыру, дамыту. Тәрбие берудегі ерекшелік-тәрбие беріп жатқаныңды аңғармай, жауапкершілікті сезінбей тәрбие беру. Әр қимыл, сөз сыннан өтіп, қарапайым үйдегі жағдай, іс атқарғандағы тиянақтылық, төзімділік, жинақылық бала жадында қалмақ. Ал болашақта дәл сол баланың келесі атқарған ісінде көрініс табатыны анық.

Отбасындағы тәрбиеде жиі кездесетін қате-бала санасындағы моральдық принциптер мен парызды жасанды түрде тудыру. Сыбайлас жемқорлыққа бейімділік мәселесі осыдан бастау алады-мыс. Мысал ретінде, жиі кездесетін жағдай: баға үшін, үй шаруаларын атқарған жағдайда ақшаны қатыстыру. Бала саналы түрде сабақты ата-анасының мүддесі ретінде қарастырады. Ал ақшаны керек етпеген жағдайда білімнен, еңбектен, және т.б айырылады. Жоғарыда айтылған тиянақтылық, төзімділік, жинақылық туралы бірден ұмытуға болады. Болашақта ата-ана мемлекет ролінде, бала –қоғам, ал сабақтағы баға кезекті жұмыс болса, мораль, құлық, этика мәселелері кейінге қалатыны сөзсіз.

Келесі проблема - қазіргі таңда, отбасы қоғам үшін күрделі талдаудан өтетін, маңызды проблеманы шешуге ынтасы жоқ. Отбасы тәрбиесінде иман байлығы, отан мен «қара шаңырақ» мәртебесінің киеліген жоғары қою басты қағида болса, адал, сіңірген еңбек ұлттық тәрбие негізі, адамгершілік пен әрекет негізі және өзегі ретінде үстем болуы тиіс.

Адамға, қоршаған ортаға, Отанға деген қымбат қасиет бала жүрегінде отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаяды. Сондықтан да мұны «Отан-отбасынан басталады» - деп түйіндейді халық даналығы. Жас балдырғандарға адамгершілік пен борыштың, арлылық пен намыстың мәнін жете ұғындырудың маңызы зор. Өйткені борышқа деген саналы көзқарасы қалыптасқан, ар-намысы берік жас ұрпақ ғана кейін өзінің Отан алдындағы халық алдындағы парызын адал орындап, адамзат бақыты мен ел игілігі үшін қызмет ететіні сөзсіз.

Осылайша, ойымды қорытындылай келе, біздің міндетіміз - отбасындағы әрбір баланың жадында «Қазақстан-менің Отаным, үйім,

жүрегім» - деген қастерлі сезімді егу. Ал дәл сол үйіміздің біздің кінәміз бен күнәміздің себебінен бірте-бірте құлауы - ертеңгі күнімізге жасалған қадамдарды сенімсіз етеді. Сенімсіздік орын алмасқа десең, өз кезегінде, болашақтағы «Анашым, кезекте тұрғым келмейді» дейтін балаң мен «Барлығы сатып алса, маған неге болмасқа» -деп ойлайтын өзінді тәрбиелеуден басталады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Энциклопедия. Абайдың психологиялық көзқарасы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
2. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың психологиялық тетіктері// Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет №1, 2015.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016.
4. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде және оның алдын алу шаралары: Оқу құралы. /Г.С.Мауленов. - Астана: ҚР Президенті жанындағы Мем. бас. акад., 2005.

Студент жөніндегі мәлімет:

Гауһар Рүстемқызы, Қостанай қ., Қазақстан

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің 1 курс студенті

*Қайрақбаева Айзере, заң  
факультетінің 1 курс студенті*

*Жетекшісі Мукашева Г.К.,  
МжҚТ кафедрасының аға оқытушысы,  
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ*

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕ АЗАМАТТЫҚТЫ АЛУ ЖОЛДАРЫ

Алдымен Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың тәртібі қандай? Кезінде шет елге кетіп қалған қазақ азаматтарының қайта оралып жатқандығы белгілі. Біреулер келіп алып, неше түрлі діни ілімдерді таратып жүр. Сол кісілерге азаматтықты бере салу дұрыс па? Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың тәртібі қандай? Осы сұрақтарға жауап берейік.

Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың тәртібін белгілейтін негізгі нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының 1991 жылы 20-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының

азаматтығы туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 27-қыркүйекте қабылдаған «Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелерді қарау ережесін бекіту туралы» Жарлығы болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде бес жыл тұрақты тұрып жатқан немесе кемінде үш жыл Қазақстан Республикасының азаматымен заңды некеде тұрған тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құқылы. [1].

Сонымен қатар, Қазақстанда тұрып жатқан жақын туысқандары (баласы, жұбайы, ата-анасы, апасы, інісі, атасы немесе әжесі) бар, бұрынғы кеңестік республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру мақсатында келген жағдайда, тұрып жатқан мерзіміне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан тұлғалар Қазақстан Республикасы Президентінің атына Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтініш жазып, тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына тапсырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және азаматтығын қалпына келтіру, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы туралы материалдарды алдын-ала қарау үшін азаматтық мәселелері бойынша комиссия құрайды. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтықты өзгерту және азаматтықтан шығару туралы өтініштер бойынша тиісінше ҚР-ың Президенті Жарлықтар шығарады. [2].

Бұл орайда Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау кезінде бұл талаптар кәмелетке толмағандарға, әрекетке қабілетсіз адамдарға, ақталған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына, өздерінің ерік білдіру бостандығынан тыс азаматтығын жоғалтқандарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңірген адамдарға не ҚР-ның Президенті белгілеген тізбе бойынша кәсіпке ие және талаптарға сай келетін адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қолданылмайды.

Шет елдердің заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау мұндай заңнамалық талаптардың дамыған құқықтық жүйеге ие көптеген елдерде бар екенін көрсетіп отыр. Азаматтыққа қабылдаған кезде мемлекеттік тілді міндетті түрде білу туралы талап Германия, Австрия, Венгрия, Греция, Хорватия, Литва, Эстония сияқты және басқа елдердің заңнамасында белгіленген. Мысалы, Германияда азаматтық алудың шарттары: Германияда заңды түрде сегіз жыл бойы тұру, өзін және асырауындағы отбасы мүшелерін материалдық жағынан қамтамасыз ету қабілетінің болуы, неміс тілін жеткілікті дәрежеде білу және сол сияқтылар болып табылады.



Яғни, Америка құрама штаттардың азаматтығын алу шарттарын қарастырсақ. АҚШ азаматы, ең алдымен, Америка құрама штаттарының аумағында дүниеге келген кез келген адам болып табылады.

Азаматтықтың алуын процесс натурализация деп аталады және 3 кезеңнен тұрады: өтініштің беруі, интервью алу, сонымен бірге АҚШ адалдығындағы антының әкелуі. Ресімдеуді барлық процедурасы, орташа, шамамен он екі айды құрайды. Бірақ тағы бір ештеңеге қатысы жоқ ойлайтын сөзсіз шарт азаматтыққа өтініштің беруінің алдында АҚШ аумағында тұрақты 5 жыл кемінде тұруы қажет

Ал егер Франция елінің азаматтығын алу тәртібіне тоқталсақ болсақ. Франция - бұл заңдары натурализацияның мүмкіндігі және азаматтықтың алуларын барынша шек қоятын ел. Франция азаматтығының алуының нақтылы әдістері бар бұл: ағайындық (қанның құқығы), туу (топырақтың құқығы), натурализация, неке және бизнес- эмиграция. [3, 123б].

Ағайындық. азаматтықты тез алу және Оңайырақ кімдікі ата-аналары, француздар, (немесе ең болмаса солардың бірі) яғни Франция азаматтары болып табылатындар.

Туу. Егер Франция аумағында, француздың ата-аналардың бір дүниеге келген баласы болса, онда ол автоматты түрде елдің азамат болып қалыптасады. Егер бала Францияда дүниеге келсе, оның шетелдіктері ата-ана болса, онда ол азаматтық ала алады

Натурализация. Егер шетелдікі кез келген шарттарда Франция азамат болғысы келсе, бұл ол Франция өкіметі осындай көргісі келгенін әлі білдіруге жеткіліксіз болады. Сондықтан натурализацияның процессі бар болады. Франция азаматтығын алу үшін француз тілін білуге міндетті, Жергілікті тәртіпті білуі, бес жылдар ағымда тұру нормалы шарты болуға өзі бас жергілікті тәртіпті білуі керек болатын. Егер жұмыс туралы ұсыныстың болып қойылдардың оларында немесе одан да жақсы оның жұмыс істеп қойыл болса егер натурализация туралы сұрататын адам жоғары оқу орынының Франциясында бітірді, бұл мерзім екі жылдарға дейін кішірейтуге болады, сонымен бірге үлкен плюспен болады.

Натурализациялығымен мүмкін сонымен бірге дейін сынау мерзімі қысқартылсын, Франция үшін маңызды. Мысалға, спортшылар. Натурализацияның процессі сынау мерзімісіз әбден өте алып және азаматтық міндетті түрде алуға болуы мүмкін. Бұл шарттар француз әскерлерінде келген тұлғаларға немесе таралады. Егер олар француз тіліне жоғары оқу орындарында бес жыл ішінде оқыса резиденцияның мерзімі міндетті емес және елдердің француз қатты сөйле келген азаматтар үшін әсіресе.

Біз елге оралған қандастарымызға азаматтық беру мен оларға жәрдем көрсету мәселесінің арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты

көші-қонды бізден бұрын бастаған, біздегі атқамінерлер аузынан тастамай айтып жүретін Израиль мен Германияның тәжірибесін құқықтық тұрғыдан жақсы білеміз. Бұл елдерде өз еліне оралушыларға азаматтық беру бірінші кезекте жүзеге асырылады. Және ол — өз еліне оралушылардың талассыз құқығы.

Мәселен, Израильде 1950 жылы қабылданған “Қайта оралушылар туралы” заңның 1-бабында: “Барлық еврей тектілер Израильге қоныс аударуға құқылы” деп көрсетілсе, 3-бабында: “Израильге қоныс аударғысы келетін әрбір еврей ол Израильде болған кезде “репатриант куәлігін” (теудат оле) ала алады”, – деп айқын жазылған. Ал оралушыларға (репатрианттарға) аталған куәлік негізінде Израильге қайта оралу актісі күшімен тез арада азаматтық беріледі. Израиль азаматтығын қабылдаған әрбір еврей азаматы ғана “кіріс қоржынының” иесі аталады. Оған 7 ай бойы репатриантқа ақшалай жәрдемақы ретінде түрлі мақсатқа мемлекеттен жәрдемақы төленеді. “Кіріс қоржынының” мөлшері отбасы құрамына байланысты болады. Егер 7 айдан 12 ай арлығында жұмысқа орналаса алмаған репатриант өз бетімен де табыс таба алмайтын болса, Кіріс министрлігінен күн көрістің ең төменгі деңгейіндегі жәрдемақы алып тұрады. Израиль заңнамасына сәйкес репатрианттар үшін басқа да көмек түрлері қарастырылған.

Ал Германияда этникалық немістердің (құқықтық терминге сәйкес “кешігіп оралушылар”) тарихи отанына қайта оралу процесі “Көшіп келушілер және босқындар туралы” (1993 жыл 2 маусым) заңымен реттелген. Аталған заңның §4.3-тармағында: “ГФР Конституциясының 116-бабына сәйкес көшіп келуші неміс болуы шарт. Егер неке ұзақтығы үш жылдан кем емес болса, оның ұрпақтары мен жұбайы (неміс емес) да осы құқықтық мәртебеден игіліктене алады” деп жазылған. Осы заңның §7.1-тармағындағы ережелерге сәйкес “кешігіп оралушылар” мәртебесіне ие болғандар үшін кәсіптік, мәдени және әлеуметтік өмірдегі кірігуді жеңілдету керектігі және кешігіп оралушылардың өміріне қиындық тудыратын жағдайларды болдырмау қажеттігі қарастырылған. Заңның тағы бір тармағында материалдық және басқа да көмектердің тізбесі көрсетілсе, тағы бір тұсында “кешігіп оралушыларға” көрсетілетін көмек қоныстанушы тұрақты мекенжайға орналасқан күннен бастап 78 аптадан аспайтын мерзімге тиесілі болуы керектігі заңмен бекітілген. Бұдан шығатын қорытынды — Израиль де, Германия да елге оралған өз қандастарының азаматтықты алуын бірінші кезекке қояды. Ал барлық атаулы әлеуметтік көмектер тек азаматтық алған оралушыларға бағытталады. Және оның қанша мерзімнен аспайтын уақытта оралушыларға тиесілі болуы керектігі жөнінде мемлекет өзіне міндеттеме алады. Ал біздегі заң жобасы бойынша барлық жауапкершілік тек елге

оралған қандастарымыздың мойнында. [3, 130б].

Қойылып отырған мәселе өте күрделі. Сондықтан нақты жағдайда бұл жөнінде ерекше шешім қабылдаған дұрыс. Кейде біз шетелдерде опонай азаматтық алуға болады деп ойлаймыз. Оларда мұндай дәрежеге жету үшін адамдар көптеген қиыншылықтардан өтеді. Азаматтық алу рәсімі көптеген жергілікті ерекшеліктерге негізделеді.

Бірқатар елдерде азаматтық алғысы келетін шетелдіктерге сол елдің ұлты қоса ұсынылады. Мәселен, Түркия азаматтығын алған адамның ұлты түрік болып, Франция азаматтығын алғысы келген қай шетелдік болсын ұлты француз болып шыға келеді. Және олардың ұрпақтары да әкесінің азаматтығына сай сол ұлттың ұрпағы ретінде жазылады.

Қойылып отырған мәселе өте күрделі. Сондықтан нақты жағдайда бұл жөнінде ерекше шешім қабылдаған дұрыс. Кейде біз шетелдерде опонай азаматтық алуға болады деп ойлаймыз. Оларда мұндай дәрежеге жету үшін адамдар көптеген қиыншылықтардан өтеді. Азаматтық алу рәсімі көптеген жергілікті ерекшеліктерге негізделеді.

Оның ішінде сол елдің тарихына, тіліне, дініне, тіпті психологиялық қағидаларына тікелей тірелетін жағдайлар бар. Солардың барлығын басынан кешкен адамдар ғана азаматтыққа үніліп қоймай, азаматтық беруге тыйым салынған немесе оны алуға қатаң шектеулер қоятын елдерге де назар аударған жөн. Азаматтық берудің көптеген қырлары мен астары бар.

### Әдебиеттер тізімі:

1 ҚР-сы Президентінің 1996 жылы 27-қыркүйекте қабылдаған «Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелерді қарау ережесін бекіту туралы» Жарлығы // [www.parlam.kz/](http://www.parlam.kz/)

2 «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы және ҚР-сы Президентінің 1996 жылы 27-қыркүйек// [www.parlam.kz/](http://www.parlam.kz/)

3 Қопабаев Ө.Қ. «Шетелдердің Конституциялық құқығы». Оқулық. – Алматы: Жетіжарғы, 1998.- 320 бет.

4 Сапарғалиев Ғ. «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы». Академиалық курс. Өңделіп, толықтырылған, 2- басылымы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 480 бет.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2017 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [www.parlam.kz/](http://www.parlam.kz/)

*Каратаева М.К.  
3 курс студенті  
«Құқықтану» мамандығы  
Ғылыми жетекші - Байтасова М.Ж.,  
Қостанай мемлекеттік университеті  
заң факультетінің аға оқытушысы*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ – ОНЫ АЛДЫН - АЛУ**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес «мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы» сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады [1].

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "conruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сіндіру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Сыбайлас жемқорлық қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да оны болдырмау, алдын-алу мақсатында мемлекетімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлық қылмысының орын алу себептеріне мемлекеттің экономикалық тұрақсыздығын, әлеуметтік тұрақсыздықты, мемлекеттік бақылаудың жеткіліксіздігін, кадрлық таңдау мен іріктеудің жетілдірілмегендігін және құқықтық мәдениеттің төмендігін жатқызуға болады. Яғни, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жасалуына экономикалық және әлеуметтік себептер мен шаралар ықпал етеді, бұл факторлар өз кезегінде біркелкі комплексті құрайды және сәйкесінше оған көпжақты және тиімді күрес жүргізу шараларын қолдану қажет

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ағымдағы жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ

болашақ» атты халыққа Жолдауында әлемнің 30 дамыған елдері қатарына енудің ұлғайған жоспары ұсынылған.

Елбасы мемлекеттің жаңа саяси бағытының мақсаттарымен және міндеттерімен тығыз байланысқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастырып, іске асыруды ең маңызды міндет ретінде қарастырады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру арнасында еліміздегі болып жатқан ауқымды өзгерістер жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттар, тетіктер мен құралдарды жаңарту қажеттілігі айқын болды.

Бұл бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың жауапкершілігін ұлғайтуға, азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметке тартуға, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бөлінеді [2].

Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн деп есептеймін.

Коррупция – қандай мемлекет болмасын, оның саяси сипатын төмендетіп, қоғамның халық алдындағы беделін түсіретін қауіпті құбылыс.

Жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде. Дана халқымыз айтып кеткендей «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді», сондықтан да құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін бұл қатерлі дертке қарсы бірлесіп ымырасыз күресуіміз керек.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы еліміздің барлық жеке және заңды тұлғаларына қатысты қолданылады. Заң демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылыққа жол бергені үшін қызметтен қуылған адамдарға мемлекеттік органдар мен



ұйымдарда кез келген лауазымда болуға өмір бойы тыйым салынған.

Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру – аса маңызды міндет екендігін атап көрсетті [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты әрекет оның алдын алуға бейімделген стратегия болғанда ғана мүмкін. Сондықтан, жазалауды қатаңдатумен және қылмыстық қудалауды күшейтумен бірге сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған қосымша шаралар пысықталуда. Осы мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның күш салуын біріктіруге аса көңіл бөлінуде.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық дерегі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылатынын және құқық қорғау органдарының немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етілетінін әрбір адам білуі қажет. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық орын алған жағдайды хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына орай, сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие.

Елбасымыз халыққа арнаған сөздерінде жемқорлық індетінің тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайтынын жиі айтып келеді.

Жемқорлық белең алған жағдайда еліміз бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосыла алмайтыны белгілі. Мұндай әрекеттер экономикамыздың бәсең дамуына, әлеуметтік жағдайымыздың төмендей түсуіне әкеліп соқтырады.

Сыбайлас жемқорлықтың белең алуының бірден-бір себебі – мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын және олармен қолданылатын

шешімдерді әлеуметтік-құқықтық бақылаудың жеткіліксіздігі. Нарықтық экономика әлеуметтік-құқықтық бақылаудың бұзылуын қолдамайды. Керісінше, ол нақты құқықтық белгілеулер арасында дамып отырады. Әлеуметтік-құқықтық бақылау дегеніміз – бұл криминологиялық, алдын-ала ескертулік бақылау, бірақ алдын-ала ескерту болмаған жағдайда оған қылмыстық-құқықтық құрам кіреді. Ол қызметкерлердің міндеттерінің нақты дайындалған заңдардың негізінде ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметкердің қабылдаған шешіміне қатаң әлеуметтік-құқықтық бақылаудың бекітілуі сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын-ала ескертілуіне маңызды бағыт болып табылады. Қоғам еліміздегі іргелі адам құқықтарын қатаң сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерге нақты әлеуметтік-құқықтық бақылаудың күрделі біртұтас тапсырмасының шешу принципін жасап шығаруы қажет.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Сыбайлас жемқорлық көлемінің өсуі билік органдарын бұл құбылысқа қарсы күреске бағытталған көптеген нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға мәжбүр етеді. Бірақ мұндай шаралардың тиімділігі, оны бірінші болып міндетті түрде орындауға тиісті лауазым иелерінің оны елемеуіне байланысты өте төмен. Бұны соңғы кездері жүргізілген көптеген зерттеулер дәлелдеп отыр. “Мемлекеттік қызмет туралы” заңның негізгі ережелері де қағаз жүзінде қалды, ал онда мемлекеттік қызметшілерді табыстары және мүліктік жағдайы жайлы декларация толтыруға міндеттейді. Декларация толтырудан бас тарту- жұмыстан шығаруға негіз болады. Осыған қарамастан, бұл талап орындалмайды [4, б. 23].

Шенеуліктердің сыбайлас жемқорлық туралы заңды мүлде елемеуінің мұнан басқа да мысалдарын келтіруге болады. Оны бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік шаралардың тиімділігінің төменгі күмән тудырмаса керек. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңдылыққа әдейі орындалмағанын үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін арнаулы қылмыстық-құқықтық норманы белгілеу қажет

Қызмет бабын пайдаланып, мемлекет мүлкін талан-таражға салу, ақ адал жандардың обал, сауабын ақтап, имандылық қасиеттерден жұрдай болу секілді бастапқы нышандары сонау мүлік теңсіздігі пайда болған

тұста-ақ қылаң берген жемқорлық сипатындағы қылмыстардың түп-тамырын қуалап келсеңіз алаған қолым берген деген ұстанымға саятын мұндай бақай есепшілік ертеден-ақ көптеген мемлекеттерде орнығып қалған. Олардың бір-бірінен ат төбеліндей айырмашылығы тойымсыздық пен ашкөздіктің әр мемлекетте ер түрлі деңгейде екендігінде ғана.

Адамзаттың ұшқыр ақыл-ойы уақыт шабысымен бірге үзеңгі қағыстырып қатар келе жатқан жемқорлықты болдырмас үшін қандай тәсіл ойлап таппады дейсіз. Олар жұрт күткендегідей нәтиже берсе жемқорлық ұғымы санадан сызылып, ол әлдеқашан көнерген сөздердің қанжығасында кетер еді ғой. Керісінше, бай мен кедейдің аражігі ашылып, қоғамдағы қайшылықтар тереңдеген сайын, жұрт сыйлаған лауазымды адамдардың қазына-мүлкіне көз тігіп, сұғанақтық жасауы тіптен асқынып бара жатқандай [6, б. 118].

Мемлекетімізде әлгіндей тобасын ұмытып, мейманасы асқандарды тәубесіне түсіре қоятын заңымыз да бар.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданылып жүрген құқықтық жүйесі халықаралық заңнамасы талаптары мен нормаларының бірқатар бағыттарынан кейін қалып отыр, бұл жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалардың тиімділігін төмендету қаупін тудырады және қосымша норма шығару жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Сондықтан, мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары өз құзіретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуі тиіс [7, б. 27].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы. //Казахстанская правда. - 1998 ж. 9 шілдедегі. - №132.
2. Қазақстан – 2050 Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы
3. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы
4. Алауханов Е. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің проблемалары. //Заң. - №2. 2013. – Б. 25-29.
5. Әбдіжәлел Б. Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтудің саяси және әлеуметтік
6. амалдары туралы. // «Заң газеті». 18 шілде 2016 ж.
7. Бюрократия, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік басқарудың тиімділігі/

8. В.Д. Андрианов. - М.: Волтерс Клувер, 2015. – Б. 115-128
9. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтың психологиялық тетіктері//Мемлекеттік
10. басқару мен мемлекеттік қызмет №1,2015. Б. 35

Автор туралы мәлімет:

Каратаева Мәдина Кенжетаевна, Қостанай қ. Қазақстан

Заң факультетінің 3 курс студенті

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

*Коришун М.В.*

*Студент 3 курса*

*Специальности «Юриспруденция»*

*Научный руководитель: Ахметкали Г.В.,*

*М.ю.н.. ст. преподаватель КГУ им. А.Байтұрсынова*

### **О противодействии религиозно-политическому экстремизму в Республике Казахстан.**

Казахстан является демократическим, светским, независимым государством и ставит своей задачей мирное сосуществование представителей различных национальных и религиозных групп. Межконфессиональное и межэтническое согласие в Республике Казахстан является одним из важнейших факторов развития и процветания всего государства и основано на казахстанском патриотизме, то есть на чувстве уважения и любви к своей Родине. Это согласие невозможно без веротерпимости, ведь в Казахстане мирно существуют три религии: ислам, христианство и буддизм и ни одну из религий Казахстан не признает господствующей.

По данным Комитета по делам религий Министерства юстиции РК, большинство населения Казахстана составляют мусульмане - около 70 %, православные христиане - 25 %, представители других конфессий - 5 %. Доминирование ислама в Казахстане не препятствует полноценному функционированию других религий. За годы независимости количество религиозных объединений в республике выросло в целом в 6 раз. В Казахстане на данный момент проживают представители 130 этносов, принадлежащих 45 религиозным конфессиям. Зарегистрировано свыше 4 тысяч религиозных объединений (для сравнения: в 1990 году их было всего 670), из них 2441 - исламские, 293 - православные, 86 - католические, 1189 - протестантские, 27 - иудейские, 4 - буддийские. Из иностранных миссионеров, которые находятся на территории РК, 8 - исламские, 33 - православные, 172 - католические, 133 - протестантские. В сфере СМИ религиозными

объединениями выпускаются 35 периодических печатных изданий.[1].

Как уже было подчеркнуто выше, Казахстан равно одинаково уважает права всех религиозных конфессий. 27 апреля 2012 г. в выступлении на заседании XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана Президент Казахстана Н.Назарбаев сказал: «Высокие ценности, исповедуемые каждой религией - исламом, православием, католицизмом, протестантским верованием - будут всегда поддерживаться государством». [2].

Однако, в любой религии потенциально заложено понятие борьбы за власть против всех кто отвергает высокопоставленную в их понимании религию –то есть религиозный экстремизм и нашей Республике не удалось избежать такой проблемы.

Последние события в Казахстане, связанные с терактами, не оставили ни одного казахстанца равнодушным. Печальные происшествия в Актобе и Алматы напомнили людям о том, что терроризм это угроза для всех. Одним из способов противодействия религиозному экстремизму является запрет на функционирование террористических организаций на территории нашей Республики. Ниже приведенные террористические организации запрещены на территории Казахстана.

На основании решения Верховного Суда РК от 15 октября 2004 года запрещенными террористическими организациями признаны: «Аль-Каида», «Исламское движение Восточного Туркестана», «Исламское движение Узбекистана», «Курдский Народный конгресс».

Согласно решению Верховного Суда от 15 марта 2005 года на территории РК запрещена деятельность: «Асбат аль-Ансар», «Братья мусульмане», «Движение Талибан», «Боз гурд», «Жамаат моджахедов Центральной Азии», «Лашкар-е Тайба», «Общество социальных реформ».

«Решением суда г.Астаны от 28 марта 2005 года запрещены: Организация «Хизб-ут - Тахир».

Решением суда г.Астаны от 17 ноября 2006 года запрещенные террористические организации на территории РК: «АУМ Синрекё», «Организация освобождения Восточного Туркестана».

Решением Суда г.Астана от 5 марта 2008 года запрещено: «Исламская партия Туркестана».

Решением суда г.Атырау от 25 ноября 2011 года запрещено: «Джунд-аль-Халифат».

Решением Сарыаркинского районного суда г.Астаны от 26 февраля 2013 года запрещено движение: «Таблигиджамагат».

Решением Сарыаркинского районного суда г.Астаны от 18 августа 2014 года запрещено: «Ат-такфируаль-хиджра».

Решением Есильского районного суда г.Астаны от 15 октября 2015 года запрещены: «Исламское государство», «Фронт ан-Нусра». [3]



Из всех приведенных террористических организация можно выделить «Аль-Каиду» как одну из наиболее одиозных и разветвленных террористических организаций, обладающей значительными материальными и финансовыми средствами и возможностями. Создана была в 1988 году после вывода советских войск из Афганистана. Статус террористической получила после взрывов посольств США в столицах Кении и Танзании в 1998 году. Но самой громкой акцией "Аль-Каеды" стал теракт 11 сентября 2001 года в Нью-Йорке.

Но на сегодняшний день самую большую угрозу для Казахстана представляет ИГИЛ. Несмотря на то, что Исламское государство сейчас зажимают со всех сторон и его ряды уменьшаются, проблема угрозы террористических актов стоит как никогда актуально. Об этом говорят теракты в Европе, России и, конечно же, Казахстане. Пятого июня прошлого года в Актобе состоялся страшный теракт, что повлек за собой гибель 20 человек, 13 из которых были членами ИГИЛ. В ряды ИГИЛ вступают люди со всех частей света и Казахстан этому не исключение. На момент 2017 года в рядах ИГИЛ состоит около 500-600 казахстанцев. Естественно, что точного количества наших соотечественников в Сирии никто назвать не сможет, но и эти цифры ужасают. [3]

Главной целью вербовки ИГИЛ являются в основном замкнутые и малообщительные люди. Это люди, недавно пережившие горе или потерю близких. Это люди, попавшие в острую или хроническую стрессовую ситуацию (конфликты, ссоры, череда неудач, развод свой или родителей). Это молодежь, ищущая смысл жизни, авторитета или учителя для подражания. Это максималисты. Это легко внушаемые. Это просто люди, чувствующие себя непонятыми, непризнанными, недооцененными. Словом, в разные периоды своей жизни практически каждый может быть в подобной ситуации. Молодежь более уязвима - она проще на подъем, и у нее больше стремлений. Как мы видим в группе риска могут оказаться многие. Понятно, что если к вам на улице подойдет человек и предложит вам поехать воевать за ИГИЛ, вы от него постараетесь молча уйти подальше. Но никто и не собирается так делать. Главная опасность вербовки - человеку очень сложно распознать, что его вербуют. ИГИЛ в этом плане можно сравнить с сектой. У каждой из сект свои слова, которыми они заманивают adeptов. Но общие методы очень похожи. И методы вербовки в ИГИЛ от сектантских почти не отличаются.

Как показывают результаты мониторинга СМИ и признаний пострадавших, опубликованных в прессе, в большинстве случаев пропаганда радикальных идей и вербовка происходит преимущественно на зарубежных популярных социальных сетях Facebook, ВКонтакте, Twitter и Youtube. Подобные негативные тенденции в Интернете усилились на фоне

сирийского кризиса и активизации ИГИЛ. Именно эта организация одной из первых создала административные структуры со штатом блогеров для ведения целенаправленной работы в Интернете, привлечения новых рекрутов и распространения идеологии терроризма. Главной особенностью ИГИЛ является активное использование соцсетей. Более 80% соответствующих материалов, которые сегодня распространяются в Интернете, относятся к деятельности террористических групп, находящихся на территории Ирака и Сирии. Сегодня можно констатировать, что именно при помощи социальных сетей боевикам ДАИШ удалось завербовать граждан практически из ста стран мира, и благодаря профессиональной работе вербовщиков ряды террористов продолжают пополняться. Активное использование ИГИЛ пиар-технологий в Европе показало следующую картину: 84% молодых людей пришли в ряды террористической организаций посредством сети Интернет; 47% обратили внимание на материалы (видео и текст), размещенные онлайн; 41% присягнули на верность ИГИЛ онлайн; 19% пользовались онлайн-инструкциями при подготовке теракта (изготовление самодельных взрывных устройств и бомб). Власти Казахстана продолжают осуществлять мониторинг Интернет-ресурсов, свыше 110 тысяч сайтов были заблокированы в целях предотвращения радикализации молодежи. [4]

Все деяния, которые связаны с осуществлением террористической деятельности предусмотрены статьями УК РК: 256 «Пропаганда терроризма или публичные призывы к совершению акта терроризма», 257 «Создание, руководство террористической группой и участие в ее деятельности», 258 «Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму», 259 «Вербовка или подготовка либо вооружение лиц в целях организации террористической, либо экстремистской деятельности», 260 «Прохождение террористической или экстремистской подготовки». Все статьи предусматривают наказания в виде лишения свободы на сроки от трёх до 15 лет, в зависимости от статьи и степени тяжести преступления. К тому же согласно казахстанскому законодательству, если гражданин нашей страны уехал и вступил в ряды какой-либо экстремистской организации, вернуться на родину он уже не сможет так как он автоматически лишается гражданства.

Из всего этого можно сделать вывод, что терроризм - это угроза международного масштаба и борьба с ним должна осуществляться на международной арене. Огромное значения для борьбы с терроризмом являются международные отношения и сотрудничество в сфере международной безопасности. У Казахстана есть успехи в этом направлении. В декабре 2003 года распоряжением Президента РК создан Антитеррористический центр

для более эффективной работы всех силовых структур в борьбе с проявлениями терроризма и религиозного экстремизма. На АТЦ возложена координация деятельности всех специальных, правоохранительных и иных ведомств как по борьбе с терроризмом. [5]

Определен порядок организации и проведения совместных анти-террористических мероприятий на территории стран Содружества. Механизм его функционирования успешно апробирован в ходе крупномасштабного совместного учения специальных служб и органов безопасности стран Содружества «Каспий-Антитеррор-2005», состоявшегося в Казахстане в августе 2005 года. Также Казахстан неукоснительно выполняет требования Резолюции СБ ООН и ежегодно представляет Национальный доклад о проделанной работе в Контртеррористический Комитет ООН. [5]

Казахстан присоединился ко всем тринадцати международным универсальным конвенциям о борьбе с терроризмом, в частности к следующим: Конвенция о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности гражданской авиации (Монреаль, 23 сентября 1971 г., дата присоединения - 1994 г.); Протокол о борьбе с незаконными актами насилия в аэропортах, обслуживающих международную гражданскую авиацию, дополняющий Конвенцию о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности гражданской авиации (Монреаль, 23 сентября 1971 г., усовершенствованна 24 февраля 1988 г., дата присоединения – 1994 г.); Конвенция о борьбе с незаконным захватом воздушных судов (Гаага, 16 декабря 1970 г., дата присоединения – 1994 г.); Конвенция о преступлениях и некоторых других актах, совершаемых на борту воздушных судов (Токио, 14 сентября 1963 г., дата присоединения – 1994 г.); Конвенция о маркировке пластических взрывчатых веществ в целях их обнаружения (Монреаль, 1 марта 1991 г., дата присоединения – 1994 г.); Конвенция о предотвращении и наказании преступлений против лиц, пользующихся международной защитой, в том числе дипломатических агентов (Нью-Йорк, 14 декабря 1973 г., дата присоединения – 1996 г.); Международная Конвенция о борьбе с захватом заложников (Нью-Йорк, 18 декабря 1979 г., дата присоединения – 1996 г.); Международная Конвенция о борьбе с бомбовым терроризмом (Нью-Йорк, 12 января 1998 года, дата присоединения – 2002 г.); Международная Конвенция о борьбе финансированием терроризма (Нью-Йорк, 10 января 2000 года, дата присоединения – 2002 г.); Конвенция о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности морского судоходства (Рим, 10 марта 1988 года, дата присоединения – 2003 г.); Протокол о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности стационарных платформ, расположенных на континентальном шельфе (Рим, 10 марта 1988 года, дата присоединения – 2003 г.); Конвенция о физической защите ядерного материала (Вена, 3

марта 1980 г., дата присоединения – 2004 г.); Конвенция о борьбе с актами ядерного терроризма (Нью-Йорк, 14 сентября 2005 г., дата присоединения – 2005 г.).

Казахстан с января 1992 является участником такой международной организации как ОБСЕ. Одной из её главных задач является контроль за соблюдением мира. Главным достижением Казахстана в этой организации является её председательствование в 2010 году. В течение этого года Казахстан добился высоких результатов, главным из которых является проведение Саммита ОБСЕ в Астане после 11-летнего перерыва. По итогам Саммита была принята Астанинская декларация «Навстречу сообществу безопасности». Весомым компонентом обеспечения безопасности и стабильности, региональным и общемировым политическим фактором становится основанная 15 июня 2001 года «Шанхайская организация сотрудничества» (ШОС), в рамках которой с 1 января 2004 года действует Исполком Региональной антитеррористической структуры (РАТС) в г.Ташкент.

С момента создания Региональной антитеррористической структурой ШОС налажено взаимодействие с региональным представительством Управления ООН по наркотикам и преступности в Центральной Азии.

Политическое решение проблем обеспечения безопасности на азиатском континенте также связывается с казахстанской инициативой по созыву Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). Саммиты которого прошли в 2002 и 2006 годах в г.Алматы. Проведенные в рамках СВМДА за последние два года встречи высокого уровня уже стали важным шагом в создании действенного механизма безопасности в Азии. С принятием в 2002 году «Декларации об устранении терроризма и содействии диалогу между цивилизациями» и 2004 году «Каталога мер доверия» и сотрудничество в этой области приобретает все более системный и углубленный характер. [6]

Страны центрально-азиатского региона открыты и активно сотрудничают в вопросах реализации организуемых международным сообществом мер в борьбе с международным терроризмом с Контртеррористическим Комитетом Совета Безопасности ООН, по соответствующим программам с НАТО/СЕАП, ОБСЕ. В течение 2017 года войска РК приняли участие в ряде масштабных международных антитеррористических и миротворческих учений "Каблан жолы-2017", "Степной орел-2017", "Боевое братство-2017", "Нерушимое братство-2017", "Боевое содружество-2017", "Охота на лис-2017", в том числе в составе воинских контингентов Коллективных сил оперативного реагирования ОДКБ - в учениях "Взаимодействие-2017", а также Вооруженных сил государств-членов ШОС - в учениях "Мирная миссия-2017". Местом проведения масштабных совместных практических тренировок стали военные полигоны Казахстана, России,

Армении и Китая.

Казахстан активно борется с проявлениями религиозного экстремизма и терроризма в интернет - пространстве. Так, из свежих примеров, 16 ноября 2017 года в ходе спецоперации КНБ в Шымкенте и Сайрамском районе ЮКО задержаны 11 подозреваемых в пропаганде терроризма и возбуждении религиозной розни. Подозреваемые распространяли экстремистские материалы через мессенджеры и соцсети. Подобных примеров за последний период скопилось немало. Это значит, что все потенциально опасные интернет – сайты должны контролироваться более усиленно, а ответственность интернет-провайдеров должна быть ужесточена.

Республика Казахстан также абсолютно отвергает экстремизм под религиозными лозунгами, попытки политизации извне религиозных учений, навязывания нашему народу чуждых для нас религиозных взглядов и идей». [7] Усилия, предпринимаемые мировым сообществом на современном этапе по борьбе с религиозным экстремизмом несомненно приносят свои плоды, однако прогресс общества, в том числе и научно-технический, диктует обществу новые проблемы и качественное решение их должно стать итогом усилий всего человечества. В это самое время как никогда мы должны объединить усилия против такого страшного явления как «религиозный экстремизм», поэтому актуальность данной темы не должно вызывать сомнений ведь мы, народ Казахстана являемся частью мирового сообщества и поэтому должны внести свой вклад в борьбу с экстремизмом, дабы в дальнейшем не допустить подобных происшествий в нашем государстве.

#### Список литературы:

1. Г.Ж. Джуманова. /Вестник КазНУ. Алматы. 2009 г. №1
2. Ислам в СНГ: Назарбаев поручил оградить молодежь от влияния...islamsng.com/kaz/news/4648
3. Перечень религиозных организаций, запрещенных по... dincentr-krk.kz»...po\_resheniju\_suda\_na...territorii...
4. Как казахстанцев вербуют в ИГИЛ — эксперты — 365info.kz 365info.kz»2015/12/kak-kazahstantsev-verbuyut-v...
5. Борьба с терроризмом и экстремизмом в Казахстане mfa.kz»...view...terrorizmom...ekstremizmom...kazakhstane
6. Проблемы религиозного экстремизма и терроризма в ЦА... yaneuch.ru»...religioznogo-jekstremizma...terrorizma...
7. <http://islam.uz/>

#### Сведения об авторе:

Коршун Михаил Владимирович, г. Костанай, Казахстан  
Студент 3 курса юридического факультета Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова



*Қадірбек Г.  
I курс студенті  
мамандығы «қазақ филологиясы»  
Ғылыми жетекші - А.Жумабаева,  
А.Байтұрсынов ат.ҚМУ аға оқытушысы*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

“Сыбайлас жемқорлық-бұл ғаламдық мәселе,  
одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес”

Н.Ә.Назарбаев

Мақаланы бастамас бұрын, мынадай сөзге көңіліңізді аударғым келеді “Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басты міндет!”. Жалпы қозғалатын тақырыптың екі кілт сөзіне тоқтала кетсем. Олар: сыбайлас жемқорлық және қоғам.

Қазіргі таңда әлем назарын өзіне аударған қауіпті және өзекті мәселелердің бірі – ол, сыбайлас жемқорлық. Бұл сөз “параға сатып алу”, “пара” ретінде “corruptio” деген латын сөзінен тараған. Яғни, 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 1 тармағына сүйенсек, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Баршамызға белгілі, сыбайлас жемқорлықтың қай жерде орын алатындығы. Деп айтсақ та, әрине, қоғам ішінде. Демек, қоғам дегеніміз - белгілі бір адамдар тобынан құралған орта.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша заң қабылданып, жүзеге асырылуда. Онымен күрес әрқайсымыздың ең басты міндетіміз. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заңында мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде

алдын алу шараларын, жемқорлыққа қарсы стандарттар мен сараптамаларды қолдану, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлеріне талдау жасау және тәртіпсіздіктердің мониторингісін жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлық мәселелерін жүйелі шешудің негізі жасалған. Осылайша, басты ерекшелік - азаматтық қоғам өкілдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерге қатысуы, сондай-ақ жемқорлыққа қарсы күресте көмектескен азаматтарға кепілдіктер қарастырылғандығында [1].

Елбасының тапсырмасы бойынша партия 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын әзірлеген болатын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне атымен төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту [2].

Аталған мақсатқа жету келесі мәселелердің шешілуін талап етеді:

– жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыру;

– сыбайлас жемқорлықтың пайда болу алғышарттарын азайту;

– мемлекеттік органдар қызметі, квазимемлекеттік сектор мен монополия субъектілеріне партиялық және қоғамдық бақылауды күшейту;

– жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттілігін кеңейту;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру.

Себебі, сыбайлас жемқорлық көріністеріне немқұрайды қарау өткір қоғамдық мәселе болып отыр. Жемқорлық – қоғамдық санада руханилықтан гөрі, материалдық игіліктердің басымдық алғанын көрсететін құндылықтар дағдарысы. Азаматтардың кейбір бөлігінің ұғымында сыбайлас жемқорлық үйреншікті іске, ал біреулер үшін зәру мәселелерді заңды айналып өтіп шешудің тәсіліне айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жұртшылық көп жағдайда жүйесіз, нәтижесі төмен атүсті жұмыс ретінде көреді. Тұрғындардың пікірінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттің міндеті. Осындай көзқарас, қоғамда тамыр жайған сенімсіздік пен таптаурын ұғымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды айтарлықтай әлсіретеді.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық неге өте қауіпті деген сұрақ туындайды.

Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады:

- «Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан ешбір қиындықсыз өттім, оған қоса уақытты да үнемдедім».

- «Дипломды сатып алдым да, ұлымды беделді жұмысқа орналастырдым. Бұдан кімге жаман болды?» деген сауалдар туындайды.

Ақыр аяғында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана емес, сондай-ақ әрбір

адам үшін қауіпті. Өйткені, заң билігі әділ болмаса, ол кез-келген адамды бүлдіруі мүмкін, және сары уайымға түсіріп, жат етуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мүмкін бе?

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде, және де әрдайым жетілдіру үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Менің ойымша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мүмкін. Неге, дейсіз бе, себебі, қазіргі таңда саналы жастар тәрбиеленіп жатыр. Әрбір жоғарғы оқу орындарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» атты сабақтар енгізіліп, өткізілуде. Ол былай тұрсын, тіпті мектеп бағдарламаларында да осы бір әңгімелер қозғалады. Міне, осының өзі бір айтарлықтай үлкен еңбек. Баланы жастайынан оқытып, оң-солын танытып, болашақта сыбайластыққа бармайтындай етіп тәрбиелеп, тым болмаса төзбеушілікті танытуды үйрету арқылы, біршама қауіп-қатердің алдын ала аламыз.

Сонымен, ойымды қорыта келе, бұл тақырыпқа келтірер мысалдар өте көп. Күнделікті өмірде көріп жүргеніміздің өзі, бір жетерлік дәлел. Бұл тарапта біз тек қолында билігі бар кісілерді кінәлай алмаймыз, жоғарғы саты былай тұрсын, өз ортамызда да болып жатқанын естен шығармайық! Сондықтан да, өзінің қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп тойтарыс бергеніміз дұрыс деп есептеймін!

Қолданылған әдебиеттер:

1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

2 Елбасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы.

3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы/ Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

Автор жөніндегі мәлімет:

Қадірбек Гулфайруз, Қостанай қ., Қазақстан.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің 1 курс студенті.

*Балаканова Гульдана,  
Сабыржанова Аймекен заң факультетінің  
4 курс студенттері  
Жетекшісі: Мукашева Г.К.,  
МжҚТ кафедрасының аға оқытушысы,  
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ*

## **КОНСТИТУЦИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы республикалық референдумда қабылданғанына биыл 22 жыл толып отыр. Халық қалауының көрінісі іспеттес Республика Конституциясы осы жылдар ішінде мемлекеттің өркендеп дамуының бекем іргетасына және ұлттық құқықтық жүйенің түп қазығына айналды. Негізгі Заңды қатаң сақтау және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы айқындап берген дұрыс бағыттың арқасында, Қазақстан тарихи өлшемдегі қасқағым мерзімде егемен және тең құқылы мемлекет ретінде қалыптасып қана қоймай, әлемдегі бәсекеге неғұрлым қабілетті 50 елдің қатарынан көрінді. Енді «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты мақсаты – әлемдегі дамыған 30 елдің легіне еруге ұмтылуда. [1]

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі ретіндегі миссиясы, сондай-ақ, Астана да өтіп жатқан, жаһандық экономиканың дамуына деген заманауи көзқарасты көрсететін және азаматтарымыздың әл-ауқаты одан әрі артуына, еліміздің халықаралық аренадағы беделі өсуі не қызмет ететін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі осының жарқын айғағы болып табылады. Өз кезегінде, Республика Конституциясы сіресе қатқан құжат күйінде қалмай, қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық және өзге де жағдайлардың пісіп-жетілуіне қарай, өткізіліп отырған реформаларға құқықтық база жасап және қоғамдық қатынастар конституциялық жолға түсуінің тиісті деңгейін қалыптастырды. Әрі заманауи қыр көрсетулер мен трендтерге барабар өзгертіліп отырды. Сол арқылы Негізгі Заңның тұрақтылығы мен серпінділігі арасында қажетті тепе-теңдікке қол жетіп, оның жасампаз мүмкіншіліктері кезең-кезеңмен кеңірек ашылды. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың оған деген сұранысы арта түсті. Мемлекеттің саяси-құқықтық дамуындағы жаңа парақты ашқан 2017 жылғы конституциялық реформа тағы бір ауқымды қайта құру болды. Оның мән-мазмұны президенттік басқару ны саны шеңберінде Президенттің билік өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметтің арасында қайта бөлуге, соңғы

екеуінің дербестігін және елдегі жағдай үшін жауапкершілігін күшейтуге, конституциялық бақылауды арттыруға ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтарды, адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерін нығайтуға, құқық қорғау жүйесінің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін өзі басқарудың негіздерін жаңғыртуға келіп саяды. Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы – демократияға комиссиясы (Венеция комиссиясы) өзінің қорытындысында Қазақстанның конституциялық өзгертулері мемлекетті демократияландыру жолында алға басылған қадам деп атап өтті. [2]

Реформа елдің одан әрі дамуына дұрыс бағыт сілтейді және айқын прогрестің айғағы болып табылады. Конституцияның кіріспесіне және 1-бабына Қазақстанның әлемдік құндылықтарды ұстанатыны – өзін адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны туралы идея енгізілді. Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу Республика қызметінің түбегейлі принциптері деп жарияланды. Ата Заңның бұл ережелерінің бәрі конституциялық құрылыстың негізін қалыптастырады, қоғам мен мемлекет дамуының түбегейлі бастауларының жүйесін құрайды және осы ережелер тиісінше іске асырылған жағдайда, мемлекеттіліктің нығаюын, оның жоспарлы түрде әрі тиімділікпен дамуына жол ашады. Еліміздің Конституциясы, тікелей қолданылатын аса маңызды нормалардың жиынтығы ретінде, қоғамдық-саяси құрылыстың мызғымастығы мен тұрақтылығының сөзсіз және белгілі мағынада басты кепілі болып табылады. Ол еліміздің конституциялық қауіпсіздігінің іргетасы тұрғысында қоғамның, мемлекет пен тұлғаның қауіпсіздігі тепе-тең болуын, олардың өзара қарым-қатынасында тәртіп орнауын қамтамасыз етеді. Сондықтан кез келген мемлекеттің ең басты парызы және міндеті конституциялық ережелердің неғұрлым іске асырылуын қамтамасыз ету, конституциялық құндылықтар мен талаптарға кепілдік беру, оларды іске асыру.

Ағымдағы жылы Негізгі Заңға және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулер Конституциялық Кеңестің қызметін одан әрі қарқындалтуға септігін тигізетін болады. Енді Республика Президентіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы Конституциялық Кеңеке өтініш жолдауға құқық



берілген. Конституцияда және былай деп көзделген: Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың 91-баптың 2-тармағындағы «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді» деген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады. Соттардың өздерінің қарауында жатқан іс бойынша қолданылуға тиісті заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілер нормаларының конституциялығын тексеру туралы ұсыныммен Конституциялық Кеңеске жүгіну рәсімі жеңілдетілді. Ұсынымға төрағаның қол қоюы қажет деген талап алып тасталды. Енді өтінішке тиісті субъект қол қояды. Процестік заңнамаға сай бірінші сатыдағы соттарда істерді судья жеке өзі, ал апелляциялық және кассациялық тәртіппен – құрамына бірнеше судьяны енгізе отырып, алқалы түрде қарайды, олардың бірі төрағалық етеді. Сондықтан соттарға қатысты алғанда, өзінің қарауында іс жатқан судья, ал алқалы түрде қарағанда – төрағалық етуші судья ұсынымға қол қоятын тиісті субъект болып табылады. Бұл жаңа тәртіп сот төрелігін іске асыру кезінде судья тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады деп белгілейтін Конституцияның 77-бабының 1-тармағына сәйкес келеді. Қабылданған өзгертулер қолданыстағы заңнаманың ел Конституциясына сәйкестігі белгілі бір деңгейде өздеріне байланысты болатын соттардың белсенділігін барынша арттыруға ықпал етеді. Бүгінде еліміз заманауи конституционализмнің сәтті қалыптасуының үлгісі болып табылады. Негізгі Заңның мазмұны әр адамның, қоғамның және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-гуманитарлық және басқа салалардағы қажеттіліктеріне, мемлекеттің басым бағыттарына сәйкес келеді.

Жаңартылған Конституция нормасы шығармашылық және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдірудің негізі. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 437 Жарлығын орындау мақсатында Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

2017 жылғы 17 сәуірдегі №2 нормативтік қаулымен Негізгі Заңның бұрын қолданыста болған нормаларына негізделген өзінің бірқатар қорытынды шешімдерін қайта қарады. Жалпы, атқарылған жұмыс нәтижесінде Конституциялық Кеңес қайта қаралған 6 нормативтік қаулының күшін толығымен және 21 нормативтік қаулының күшін ішінара жойды. Конституциялық Кеңестің бұл шешімі конституциялық ережелердің мазмұнын қайта ұғыну үшін кең жол ашады. Ал қажет кезде оларға конституциялық реформаның нәтижелерін ескере отырып жаңадан түсіндірме берілуі мүмкін. Парламент Мемлекет басшысы бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңды қабылдап, сол арқылы Президент, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі, Үкімет, Конституциялық Кеңес, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі, сайлау және республикалық референдум туралы конституциялық заңдарға тиісті түзетулер енгізіліп, сондай-ақ «Прокуратура туралы» жаңа заңды қабылдады. Сол арқылы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында заманауи заңнамалық база құрылды, ол ұлттық заңнаманың тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Еліміздің қолданыстағы Конституциясы жалпы мемлекеттік, жалпыұлттық және жалпы азаматтық қолдау шараларының жүйесін қажет етеді. [3]

Конституциялық жаңғырту Конституцияның мәтінін түзету ғана емес, оның нормаларының мазмұнын уақыт талабына сай түсіндіру де екенін ұғыну қажет. Осы мақсатта әрбір мемлекеттік орган, азаматтық қоғам институты және азамат конституциялық нормаларды нақты мазмұнмен одан әрі толықтыра түсу үшін үнемі жұмыс істеуі тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1 Мухамеджанов Э.Б. Нужно ли реформировать Парламент Республики Казахстан? //Zakon.kz: 15.09. 2015.

2 Зиманов С.З. Конституция и парламент Республики Казахстан. -Алматы: Жеті-Жарғы, 1996. - 357 с.

3 «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Конституциялық Кеңес жолдауы.//ҚР Конституциялық Кеңесінің сайты:ksrk.gov.kz>kaz/resheniya/?cid=5&rid=973.

*Сакаева А.А*  
*3 курс студенті*  
*«Құқықтану» мамандығы*  
*Ғылыми жетекші - Байтасова М.Ж.,*  
*Қостанай мемлекеттік университеті*  
*заң факультетінің аға оқытушысы*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҮСІНІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФУНКЦИЯСЫ**

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді алаңдатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Алайда, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында заңнамалық тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасқан. Көптеген зерттеушілер осы саладағы заңнама нормаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларына жоғары баға бергенімен, оларды шынайы өмірде жүзеге асыру кезінде кейбір нормалардың қажетті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз екендігі байқалады.

Сол себепті, осы мәселеге мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев тарапынан жыл сайын Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көп көңіл бөлінеді.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде [1].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын ала іс-қимыл жасаудың мемлекеттік саясаты билік құрылымдарының ашықтығы мен қоғамның бақылауында болуын; мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын қысқартуды және мемлекеттік бақылау органдары жүйесін онтайландыруды; сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін фактор ретінде мемлекеттік қызметшілер жағдайының тұрақсыздығын

болдырмайтын кадр саясатын жүргізуді; азаматтардың тәуелсіз, сырттан және әсіресе сот жүйесінің өзінен сыбайлас жемқорлық әсер етуден тәуелсіз сотқа жүгіну құқығын қамтамасыз етуді көздейді.

Бүгінгі таңда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы функциясын құқық қорғау органдарының жұмысы тұрғысынан ғана қарау мүмкін емес. Қазіргі таңда мемлекет басшысының бастамасы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Экономиканы әрі қарай дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елдердің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуді, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Осыған орай, Мемлекет басшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 2015 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады [2].

Осы тұрғыда «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» деген

түсініктің мән-мағынасына зер салу қажет. Бұл түсінік «сыбайлас жемқорлық» пен «мәдениет» ұғымдарының қосындысы болғандықтан, осы түсініктердің әр қайсысы бөлек талдауды қажет етеді.

Халықаралық қауымдастықта «сыбайлас жемқорлық» түсінігінің көптеген түсіндірмелері, мағыналары бар. «Параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін негіз еткен бұл түсінік, Рим құқығында, сондай-ақ, «corruptio» түсінімен байланыстырады. Ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Алайда, құқықтық тұрғыда қалыптасқан бірегей толық түсінік жоқ. Осы мәселеге қатысты Батыс елдері құқықтанушылары мен Ресей құқықтанушыларының көзқарастары өзгеше. Ресей құқықтанушыламен сыбайлас жемқорлық қоғамда зиян кінәлі іс ретінде қабылданатын, құқықтық нормаларға қайшы, құқықбұзушылық ретінде ғана түсіндірсе. Өз ретінде Батыс құқықтанушылары сыбайлас жемқорлықты одан кең мағынада қарастырады, олардың пікірінше, сыбайлас жемқорлық негізінен моральдық және этикалық нормалардың бұзылу деңгейіне қатысты болады [3].

Дж. Най, мәселен, сыбайлас жемқорлықты пара беру, пара алумен, непотизммен және жалпыға ортақ игіліктерді заңға қайшы иелену, иемденумен байланыстырған. Сыбайлас жемқорлық түсінігіне толық сипаттаманы, менің ойымша, С.В. Максимов береді. Оның пікірінше, осы термин «мемлекеттік, муниципалды немесе өзге де қоғамдық қызметкерлермен өз статусын заңсыз пайда табу үшін пайдалануы, немесе өз құзыретін, лауазымын пайдаланып біреуге заңсыз игіліктер көрсетуі» түсінігін береді [4, 22 б.].

Енді «сыбайлас жемқорлықтан» «мәдениет» түсінігін талдауға келсек. Мәдениет феномені философияның ортақ, фундаменталды түсініктеріне жатады. Себебі ол аса маңызды әлеуметтік процесстермен тығыз байланыста және «мәдениет» сөзі ауызекі тілде жиі қолданыста болғандықтан, оның мағынасы көпқырлы және ол көптеген сөзтіркестерде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, «мәдениет» термині әртүрлі ғылым салаларында күрделі түсініктерді белгілеу, түсіндіру кезінде жиі қолданылады.

1871 жылы ағылшын этнографы Э.Б. Тейлор мәдениет түсінігінің классикалық нұсқасын ұсынды, оның пікірінше, мәдениет ол адамның қоғам мүшесі ретінде білім, шығармашылық, мораль, құқық, әдет-ғұрып және т.б. бойынша бойына сіңірген дағдылары мен қабілеттіліктері [5].

«Мәдениет» термині ғылым саласында жеке өте жиі қолданылады,



әдетте, ұлттық мәдениет, ойлау мәдениеті, денсаулық мәдениеті, дене шынықтыру мәдениеті, өзін-өзі ұстау мәдениеті, біздің жағдайда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сөзтіркестері тұрғысында қарастырылады. Алайда, қай тіркесте қолданылмасын, ол қандайда бір нормалар мен ережелерге сүйенуді білдіреді. Сонымен қатар, ғылымда мәдениет түсінігі индивидтің өзін-өзі және өзіне-өзі қалыптастырған әлемге көзқарасын білдіреді. Әлемге деген осы көзқарас алдымен өмірсүру мағынасымен түсіндіріледі. Мағына - ол адам тіршілігінің ішкі және сыртқы құрамы, ол адамның белгілі бір нәрсеге өз көзқарасын анықтау кезінде ол мағынаны өзінің іс-әрекетінен іздеуі, мәселен, біздің жағдайымызда индивид өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы немесе сыбайлас жемқорлыққа жағымды іс-әрекетінің мағынасын өзі үшін анықтап алуы тиіс. Осындай мағыналар индивид мәдениетін қалыптастырады. Яғни, мәдениет ол қоғамның рухани және материалдық жетістіктерінің қоспасы, ол индивидтің әлеуметтік-прогрессивті шығармашылық қызметін тіршіліктің түрлі саласында көрсетуі мүмкін және ол түбінде оның мінез-құлық нормаларына, өмірлік құндылықтарына айналып, адамның ішкі байлығын құрайды.

Енді «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» мәнін ашып көрейік. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті; ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қақарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар:

- жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі;
- жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалай білуі;
- сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Индивидтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейі оның тұлға ретінде дамуы деңгейінің айнасы. Яғни, әр бір адам белгілі бір деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті болады, ол не төмен, не жоғары деңгейде болуы мүмкін.

Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті келесі алгоритмде қарастыруға болады: индивидтің құқықтық багажы – оның құқық нормаларын сақтауға дағдысы, заңды бұзбауға дағдысы,

жемқорлыққа қарсы құқықтық белсенділігі. Ол дегеніміз индивидтің тек өз іс-әрекетін ғана құқықтық норма шеңберінде ұстауға ұмтылысы емес, сонымен қатар, жемқорлыққа қатысты кез келген заңбұзушылыққа қарсы тұруға дайындығы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет. Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуы маңызды. Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі [6].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н. Исақов «Ауқымды алты бағыт» мақаласы: «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті, 2015 ж. 13 ақпан, №28 (2660), 4 б.
2. ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>
3. Гараев Р.Ф., Селихов Н.В. Сыбайлас жемқорлық түсінігі // Тергеуші. - 2001. - №2.
Жалпы жезөкшелікпен әйелдер айналысады, ал қазіргі тәжірибеде жезөкшелікпен ер адамдардың да ақы алып айналысатыны көрініс алып отыр. Бұл кәсіпті жұмыссыздар қатарынан шыққан жеңіл жүрісті әйелдер күн көріс құралына айналдырса, оңай жолмен қаржы табуды көздеген пайдакүнем адамдар тобы жезөкшелікті көлеңкелі бизнестің бір үлкен түріне айналдыруға тырысқан. Жезөкшеліктің ендігі бір бөлігі притон ұстаушылармен бірлесіп жұмыс істеуге мәжбүр болады. Жалданушы жезөкшелер тұрақты жұмыспен, жайлы орынмен қамтамасыз етіледі. Тән саудасынан түскен табыстың ірі бөлігін притон ұстаушылар иеленеді.

Психологтардың айтуынша, мұндай жолмен қосымша ақы табуға мәжбүр студент қыздардың бұл жолға келуінің әр түрлі себептері бар дейді. Мысалы, отбасы жағдайының дұрыс болмауы, материалдық жағынан қиындық көруі, жеке факторлар, ортасындағы адамдардан алдануы, жігіттерге қатысты алданып қалуы, ауылдан келген қыздардың қалада жүргенде өз орындарын таба алмай қиналған кездегі оңай жолды іздеуі немесе алданып қалуы және т.б. факторлар әсер ететіндігін айтады. Қыздардың жезөкшелікпен айналысуының негізгі себебі осы жолда

жүрген тұлғаның жеке мінезінен немесе оның тәуелділігі есебінен, замандастарымен қарым-қатынасының күрделілігінен, білімде, карьералық өсуде талпыныстың жоқтығынан. Сондай-ақ, материалдық және тағы басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында осы жолға түсуі мүмкін. Бізде қазір материалдық құндылық бірінші орынға шығып кеткендіктен, рухани құндылықтар екінші орынға қалып жатады. Психологтар индивидуалды ерекшеліктеріне қарай отырып, әр қайсысын жеке тұлға ретінде тыңдап, олардың мәселелерімен таныса отырып қана көмек қолын соза аламыз дейді.

Жезөкшеліктің кезекті бір шығу көзі әсіресе, жастар арасында күнделікті интернеттен, теледидардан көрсетілетін лас фильмдер және кез келген бұрышта нәсіпқұмарлық мазмұнда жазылған журнал, газет, әдебиеттердің көбеюі болып табылады. Бұларда махаббат пен эротика өте төмен физиологиялық түсінік ретінде қарастырылған. Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында жезөкшелікті заңдастыруды жақтайтын және оған қарсы адамдардың пікірталастары қатар берілуде. Кейбір шет мемлекеттердегі тәрізді Қазақстанда жезөкшелікке «лицензия» беріп, притондар үйлерін ашудың зиянынан гөрі пайдалы жағы басым деп дәлелдеушілердің сөздеріне қарағанда «секс индустриясы» өндіргіш күштерінің біраз бөлігі біздің елімізде «еңбектері» бағаланбағандықтан «жұмыс» іздеп шетелдерге кететін көрінеді. Олар сол шетелдегі притон үйлерінің қожайына мыңдаған доллар кіріс әкелуде. Біздің елде де жезөкшелікті заңдастырып, арнайы рұқсат берілсе, тән саудасынан түскен қаржы жергілікті бюджетті толықтырар еді және олар денсаулық сақтау мекемелерімен бірге жұмыс істесе деген кейбір азаматтардың пікірлері осыған сай келіп тұр.

Жеңгетайлық— жезөкшелікпен айналысуға арналған топтар мен арнаулы орындарды ұйымдастырып, зинақорлық жасаушы адамдарды өзара кездестіретін, сол арқылы пайда табуды көздейтін қылмыстық іс-әрекет Күшқолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқыту, тәуелд жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою, не алдау жолымен жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу арқылы жеңгетайлық жасау — ауыр қылмыстар қатарына жатқызылады. Қазақстанда осындай жолмен жеңгетайлық жасаушы азаматтар Қылмыстық кодекстің 270- және 271-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.[3,с.1]

Ал, шын мәнінде жезөкшеліктің салдарына келетін болсақ, жезөкшелер дін мен ұлттық салт-дәстүрді аяққа таптап, халықтың ұлттық намысын, туыстарының ар-намысын қорлап, беделін түсіреді. Венерологиялық, одан да басқа жұқпалы аурулардың таратушысы да жезөкшелер екені тәжірибе көрсетіп отыр. СПИД орталығында аурудың вирусын жұқтырған 400-ден аса науқас тіркеуде тұр. Бұлардың 95% кәнігі

нашақорлар және де мерез (сифилис), соз (гонорея), хламидиоз тәрізді т.б. жыныс жолдары арқылы жұғатын ауруларға ұшырағандар жиі кездеседі. Медициналық тексеру барысында 10-12 жастағы жасөспірімдерден соз, мерез және басқа да жұқпалы жыныс ауруымен сырқаттанғандар анықталған. Жезөкшеліктің тағы бір қоғамға қауіптілігі сол-олардың басым көпшілігі жасанды түсік тастайды, заңсыз аборт жасайды, әкесіз, некесіз туған жас нәрестелерін қараусыз тастап кетеді, ал қыз балаларын өз кәсібіне баулитын жезөкшелер де пайда бола бастаған. Жезөкшеліктің осындай теріс әрекеттері бүкіл жұртшылықты, қоғамды алаңдатуда. Бірақ қазіргі Қылмыстық Кодексте жезөкшенің іс-әрекетіне байланысты оны жауапқа тартуға байланысты бап қарастырылмаған. Қылмыстық Кодексте жезөкшелікпен айналысуға тарту (270 бап), притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны және жеңгетайлық жасағаны үшін (271 бап) қылмыстық жауаптылық қана көрсетілген. Ал жезөкшелердің тікелей өзі теріс әрекеттері үшін тек қана әкімшілік жауапқа тартылады да, қылмыстық жауаптылықтан тысқары қалады. Әкімшілік айыппұлдың да мөлшері төмен болып отыр, айыппұлдың мөлшерін көтеру қажет деп есептеймін.

Адамдардың әрнәрсенің заңды болғанын, атқарып отырған қызметтерінің құқылы болғанын қалайтынын алға тартып, Қазақстан жезөкшелеріде өз «жұмысын» құқық шеңберінде атқару үшін өз кәсіптерін заңдастыруды талап етіп отыр. Қазақстанда бүгінгі күні 10 мыңнан аса жезөкше бар көрінеді. Бұл – Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстаннан келген транзитті жезөкшелерді есепке алмағандағы өзіміздің қара көздер құрайтын қомақты сан. Шымкент қаласында бір түнде 2000 жезөкше көшеге шығады. Ал жуырда сол екі мың жезөкшені тексере келгенде 24-інен вич-инфекция табылып, құқыққорғау орындарымен жергілікті өкіметтің көтерген шуы әлі басыла қойған жоқ. Мұнайлы мекендердің көптеп табылуына және соған орай шетелдік жұмысшылардың ағылып келуіне байланысты, Ақтау мен Атырауда бұл кәсіп иелерінің қарасы күрт көбейіп кеткен. Жезөкшелік – әйелдің тауарға айналып, тәнін саудалап, ақша табудың амалы ғана емес, оны қанша қараласанда, түбірін тұрмыстың тауқыметінен туындайтын әлеуметтік дертке апарып тіреп, жанашырлықпен ақтап алуға тырысатындар көп. Мұның моральдықта, экономикалықта, этикалықта қырларын көлденең тартып, тіпті табан астында заманның беті түзеліп кетседе, көне кәсіптің жер бетінен ешқашанда жоғалмайтынына, ол бәрі бір өмір сүруін жалғастыра беретініне сенетін және бұл туралы әңгіме қозғаудың өзін артық санайтындар да бар. «Бос сенделіп жүрген қорғансыз әйелдермен қыздарға үкімет жұмыс тауып бермейінше, бұл мәселе ешқашан шешімін таппақ емес» деп асқақтатқан мен, осы кәсіпті бастап үйренген әйелдің наша қабылдамаса тұра алмайтын нашақор секілді ақшаның сиқырына әбден



арбалатыны, сондықтанда кәсібін серік етіп, сүйреп жүре бергісі келетіні өтірік емес. Бұл кәсіпті «заңдастыру керек» деп отырғандар ар-абыройы былғанып тапқан сол ақшасының тұтасымен қолдарына тимейтінін, ақшаның 70-80 пайыз бөлігі «жеңгетайдың» қалтасына түсіп, жезөкше түскен пайданың бар болғаны 20-30 пайызын ғана қанағат тұтатынына қынжылыс білдіріп, заңдастыруда, бір ескеретін жайт осы екенін айтып зар қағып отыр. Олар бұл жағдайда, көбінесе ер адамдардың тәуекеліне кепілдік беріп отырған Голландияны алға тартып шығады. Егер мемлекет заңдық база қалыптастырып берсе, бұларда заңмен қорғалатын болады.[3]

Әлемдегі жезөкшелікпен күреске назар аударсақ, көп елдерде бұған әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген. Көптеген дамыған, дамушы елдер осы бағытта Заң актілеріне тиісті өзгерістер енгізген. Англияда жезөкшелікпен айналысқаны үшін екі жүз функт стерлингке дейін айыппұл салынады. Егер бір адамға екі рет айыппұл салынған болса, үшінші рет ол адам үш айға дейін бас бостандығынан айыру жазасына тартылады. АҚШ-та федералдық заңдылық бойынша әскери бөлім маңында жезөкшелікпен айналысқаны үшін қылмыстық жауаптылық (мың долларға дейін айыппұл немесе бір жылға дейін түрмеге қамау) белгіленген. Иранда жезөкшелікпен айналысқаны үшін өлім жазасы бекітілген.

Ал, Қытайда жезөкшелікпен күресу туралы арнайы заң бар. Осы заңға сәйкес, ең жоғарғы жазалау шарасы, яғни осы кәсіппен айналысуға тартқаны үшін өлім жазасы қарастырылған (жазаға жеңгетайдан бастап, жезөкшеге дейін тартылады).[4,с.4]

Қорытындылай келе, жезөкшелікпен күрес бүкілхалықтық, әрі мемлекеттік маңызы бар іс. Сондықтан бұл бағытта кешенді бағдарлама жасалып, оны жүзеге асыру үшін қажетті қаржы мөлшері бөліну керек-ақ. Жезөкшелікке қарсы үгіт-насихат жұмыстарымен қатар жезөкшеліктен пайда болатын түрлі аурулардың алдын алу тәрізді медициналық шаралар да ұйымдасқан түрде жүргізілуі тиіс. «Қызға қырық үйден тыйым салу» тәрізді халық педагогикасын қайта жандандырудың қажеттілігі байқалады.

*Жезөкшеліктің алдын алудың келесідей ұйымдастырушылық-құқықтық шараларын ұйымдастыруды ұсынамын:*

1. Өмірде қиын жағдайға ұшыраған әйелдер мен жасөспірімдерге әлеуметтік көмек ретінде арнайы бейімделген орталықтар ашу;

2. Жезөкшелікпен және жезөкшелікке бейім әйелдермен тәрбиелік жұмыстарды жүргізуді Қазақстан әйелдері қауымдастығының күзіретіне беру керек;

3. Жезөкшелікпен қарсы күрес жүргізетін арнайы адамгершілік позициясын құру;

4. Жезөкшеліктің адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін зиянды

жағын бейнелейтін көрнекті құралдарды шығарып, жұртшылықты таныстыру;

5. Тәрбие, оқу мекемелерінде жезөкшелікке қарсы бағыттайтын оқу құралдарын, түсінік жұмыстарын, оқу бағдарламаларына енгізіп, жастарды бұл қауіпті кеселден сақтандыру;

6. Жезөкшелікпен айналысқаны үшін Әкімшілік айыппұл мөлшерін өсіру, қайталанған жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тарту бабын енгізу;

7. Жезөкшелікпен күрес бағытында нормативтік құқықтық актілер қабылдау.[2,с.1]

Жалпы алғанда жезөкшелікпен күрес маңызды мемлекеттік шара.

#### Әдебиеттер тізімі:

1.Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6-1-1с

2.<https://www.zakon.kz/4622937-zhez1257kshelk-xxi-1171asyr-dert.html-2-1c>

3.Қазақ энциклопедиясы,3 том-3-1с

4.<http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?id=126406-4-4c>

Автор жайлы мәлімет:

Каратаева Мадина Кенжетаевна, Қостанай қ., Қазақстан.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 3 курс студенті

*Махин Е.,*

*4 курс студенті*

*мамандығы «Юриспруденция»*

*Ғылыми жетекші – Нұрханова Л.Т.,*

*аға оқытушы, А. Байтұрсынов ат. ҚМУ*

## НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСАРУЫ

Нашақорлық - наркомания (грек тілінен нарке – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.

Есірткіні қолданатындардың әлеуметтік сипаты да өзгерді, бүгінгі күнге олардың қатарын орташа және тіпті жақсы қамтамасыздандырылған отбасылардың балалары толтырып отыр.

Есірткі – ерекше және өлімге әкеліп соғатын сфера және бұл жерде гуманизм принциптерін қаншалықты қолдану толғандырады. Бір жағынан – оны жеткізіп, таратушы адамның өмірі, ал басқасында - оның «көмегімен» қиылған есірткіні пайдаланушының өмірі тұр. [1, б.1]

Біздің елімізде нашақорлыққа қарсы күрес бойынша мақсатты бағытталған шаралардың жүйелі қабылдануына және іске асырылуына қарамастан, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне байланысты проблемалар сақталуда. Қазақстанда заңсыз есірткі айналымының көлемі өсуде, ол тек халықтың денсаулығына қатер төндіріп қана қоймай, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайды, мемлекет жүргізіп жатқан экономикалық реформалар үдерісін тұрақсыздандыруда.

Бұдан басқа, Қазақстан, ең алдымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының Мемлекеттік шекарадан өтуінің либералды жүйесіне, бақылау-өткізу пункттерінің техникалық жағынан нашар жарақталуына, көлік магистральдарының тармақталған желісіне байланысты есірткі транзиті үшін тартымды.

Жасөспірімдер мен жастардың есірткіге тәуелділігі бала туудың төмендеуіне және көбіне нашақор ата-аналарына керек емес мүгедек балалардың дүниеге келуіне, сондай-ақ дәл осы жастар арасындағы өлімнің жоғары болуына әкеп соғады. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланатын адамдардың жалпы санынан есірткіге тәуелді 14-тен 30 жасқа дейінгі адамдардың үлесі 49,2 % құрайды, атап айтқанда 23036 адам, оның 20423-і 18-ден 30 жасқа дейінгілер. [2, б.2]

Қазір Қазақстанда ресми мәлімет бойынша 54 мыңға жуық нашақор тіркеуде тұр. Бұл бірнеше рет көзге түсіп тіркелгендері. Тіркелмегендерінің қанша екені әзірге белгісіз. Республикамызда нашақорларды емдейтін 9 орын бар. Үстіміздегі жылы мамандар нашақорлыққа бас ұрған адамдарға арнайы тексеру жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде нашақорлардың 60 пайызы 30 жасқа дейінгі жастар мен әйел адамдар екені анықталып отыр. Есірткі таратуға қарсы қылмыстық жаза күшейтілді, Үкімет тарапынан қомақты қаржы да бөлінуде. Бірақ, нашақорлардың саны азаяр емес. Заңгерлердің айтуынша, есірткі бизнесі тамырының тереңге бойлауына одан түсетін қыруар ақша себеп болуда. Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан есірткі тасумен қолға түскен азаматтар туралы. есірткі пайдаланудың кері әсері жайында ақпараттар беріліп жатады. Бірақ, өз басына түспеген соң басқамыз бұған көңіл аудармай, бей-жай қараудамыз. Ақша табудың оңай жолын тауып алғандар болса бұл кәсібін тыяр емес.

Дәрігерлердің айтуынша, нашақорлар Астана мен Алматы қалаларында жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Астана қаласы нашақорлардың саны бойынша республикадағы төртінші орында екен. Қазақстанда ресми мәлімет бойынша 5 мыңға жуық жасөспірім есірткі тұтынса, солардың ішінде токсикомандармен қосқанда 137 бала Астанада тіркелген. Астанадағынашақорлардыемдейтіндиспансердіңбасдәрігері

Ольга Комарованың айтуынша, барлығы қалада ресми мәлімет бойынша 3 жарым мың адам тіркеуде тұр. Жыл сайын олар 10-12 пайызға өсіп отырады дейді дәрігер. Есірткі заттарын пайдалану жолында ақша үшін нашакорлар көптеген қылмыстық істерге баруда. Сонымен қатар, гигиеналық тазалықтың сақталмауынан оңайдан жазыла қоймайтын түрлі ауруларды да сол нашакорлар таратуда. Әлеуметтік құрамы бойынша індетке шалдыққандардың 74 пайызын нашакорлар құрайтын көрінеді.

Дәрігерлердің пікіріне сүйенсек, жасөспірімдердің көбісі героин және синтетикалық есірткіні көп пайдаланады. Бұның аяғының не болары белгілі... Яғни, мөлшерін асырып тұтынған адам өлімі, ерте жаста мүгедек болу немесе ұзақ уақыт бойы емделуге тура келеді.

Нашакорлардың басым бөлігі қалалықтар. Оған ата-анасының баласын тым еркелетіп жібергені себеп болар. Бір-екі баласына барлық жағдайын жасап, сұрағанын беріп жаман үйреткендіктен бе қаланың баласы есірткіге құмар болады. Олардың ойы зерек, айналадағы түрлі ақпараттардан хабардар. Сондықтан еліктеушілікте басым болып келеді дейді сарапшылар. Есірткі қазақ жастарының ішіне дендеп еніп барады деуге болады. Қыз-ұл деп бөлмейтін бұл зауал кең тарап жатыр. Бұрынырақта есірткінің таралуы тек қалаларда кездессе, қазір түкпірдегі қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдарға да жетті. Мысалы Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облысы ауылдарынан қалаға келіп емделушілер көп.

Көп жастардың аузынан: «Бұл жай ғана шөп. Аздап басың айналады. Ертесіне басыңның ауырғаны болмаса, ешқандай тәуелділік жоқ» деген сөздерді жиі естимін. Демек, олар бұны уақытша ермек деп түсінеді. Оның артында не тұрғанын естігенмен, мән бере қоймайды. Мамандардың мәлімдеуінше, бұрынғыдай апиын емес, қазір жасөспірімдер күштісін — героинді пайдаланады.

Полиция өкілдері осы ауыр есірткінің көбеюінен қауіптеніп отыр. Нарколог дәрігерлердің мәлімдеуінше, бір грамм героин 8 нашакорға бір мәрте егуге жетеді. Қазіргі таңда ірі қалаларда түрлі ойын-сауық орындары жетерлік. Ол жерді, әрине, жастар жайлайды. Ішкі істер министрлігі өкілдерінің айтуынша, есірткі тарату қылмысы осындай жерде басым. Полиция күшімен Қазақстанда мыңға жуық көңіл көтеру мекемелері тексерілген. Олардың біразында есірткі тұтынған адамдар анықталды. Бірақ, заңдардағы олқылықтың кесірінен клуб иелерін жауап қатар алмаймыз дейді полиция өкілдері. Әкімшілік кодекстің 319-бабымен жауап қатартуға болады. Бірақ, онда осы басшылар нашакорлықтың барлығын біле тұра шара қолданбаса ғана жауапқа тартылады делінген. Полиция таратқан ақпаратқа сәйкес, Қазақстанда жыл сайын 20 тоннаға жуық әр түрлі есірткі алынады. Ресми көрсеткіштерді тек он еселегенде ғана

нашақорлар санының нақты көрсеткішін елестете аламыз, дейді мамандар. [3, б.1]

Токсикомания–булармен, газдармен демалу. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады. Бұл ерітінділер, тазартқыштар, синтетикалық желімдер, никро бояулар, дақтарды кетіретін сұйықтықтар және т.б. Үйденегізінен дезодорант-спрей, шашқа арналған лак, жиһазды тазартуға арналған сұйықтық, тырнаққа арналған лак, бензин жәнет.с.с.

Токсикоманияның әсерінен бұлшық ет аурулары, жүріс-тұрыс бәсеңдеуі, салмақ жоғалту, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы, бас миының және жүйке жүйесінің бұзылуы, еске сақтау, ойлау қабілеттерінің әлсіреуі сияқты ауруларға, ал әрі қарай Асфиксияға (дем алудың қиындауы), естен тануға, комаға және кенеттен қайтыс болуға әкеліп соғады.

Марихуана– кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Марихуана – көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.

Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.

Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.

Героин - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфиннен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. 2008 жылдың 8 айы ішінде Астана қаласында героиннің дозасын асырып қолданғаннан 19 жастан 30 жасқа дейін 48 адам көз жұмған [4,б.324]

Нашақорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.

Кокаин – коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді.

Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады. Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.

Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну



үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры – сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.

Экстази – 1987 ж. Испанияда болған бір дискотекада «экстази» таблеткасын (метиленидиоксиметиламфетамин) музыкамен біріктіруден болған эффект «ашылды». Экстази қолданғаннан кейін жеңілдік сезіледі, күш-қуаты күшейеді, көңіл көтеріп, бірнеше сағат қатарымен шаршамай билеуге болады. «Экстази» 2 сағаттан 8 сағатқа дейін әрекет етеді. Алайда «Экстазиден» қайтыс болғандардың саны көп. Ол ең қауіпті есірткі құралдарының қатарына саналып, БҰҰ-ның барлық елдерінде тыйым салынған. Осы есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйкесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғады.

Халықаралық сарапшылардың есебінше «солтүстік бағыт» - Ауғанстан, Қазақстан, Ресей арқылы Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан 400 зертханада өңделген 100 мың тонна героин өтеді екен. Бұл жағдай бізге есірткіге ұсынысты ғана емес, сұранысты да төмендету қажет екенін көрсетіп тұр.

Нашақорлардың Қазақстандағы саны туралы мәліметтердің көбісі сенімсіздік тудырады. Себебі, әрбір үшінші нашақор тізімге тұрудан қашып жүргендер екен.

Психолог, нарколог, заң мамандарының және әлеуметтік қызметкерлердің кеңес беруі арқылы, наркологиялық диспансерлерде, жастар денсаулық орталықтарында, темекіге қарсы орталықтарда Ашық есік күндерін өткізу;

Кімдермен жұмыс жасалынады: Жасөспірімдер, жастар, педагогтар, ата-аналар.

Осы орайда аса қажетті шара бұл заңнаманы күшейту. Халықаралық тәжірибе бүгінгі күні есірткімен күресуде қылмыстық шараларды қатаң қолдануды талап етеді. Ұлыбритания, Бельгия, Грекия, Ирландия, Канада, Франция және басқа да елдер осы қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығын анайыруды белгіледі. Есірткіні сатқаны үшін өлім жазасына кесу Иран, Қытай, Сингапур, АҚШ және Тайланд заңнамаларында көрсетілген.

Нашақорлық — адамзатқа берілген ең ауыр жаза. Нашақорлық-өзін-өзі өлтірудің ең баяу тәсілі, өз бойында өмірді, ерікті, ақылды, қабілетті саналы, ерікті түрде бұзу.

Қорыта айтқанда, «Адамдар, әрекетті саналы түрде жасаңдар! Себебі есірткі деген ұды бір рет қабылдау сауықпайтын зардаптарға әкелуі мүмкін. Нашақорлардың көбі ұрпағын жалғастыра алмайды.

Соңғы уақытта нашақорлықпен байланысты қылмыстардың көбей-

гендігі және нашақорлықтың артуы туралы жиі естіп жатамыз. Есірткі заттардың қалай әсер ететіндігін және оған адамның қалай үйренсіп кететіндігін түсіну үшін гоместаз туралы түсінік болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ энциклопедиясы, 7 том, <https://kk.wikipedia.org/>
2. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы туралы, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 451 Қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000451-2-36>
3. Қазақстандағы нашақорлардың нақты саны жартымиллион адамға жетті – Баспрокуратура, [/http://www.inform.kz/](http://www.inform.kz/) 03 маусым 2013, <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=4710-1-26>
4. Егемен Қазақстан газеті. 2006 №25 <http://library.psu.kz/>

Автор жайлы мәлімет:

Махин Ержан, Қостанай қ., Қазақстан.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 4 курс студенті

*Набиев Н.,*

*3 курс студенті*

*мамандығы «Юриспруденция»*

*Ғылыми жетекші – Нұрханова Л.Т.,*

*аға оқытушы, А. Байтұрсынов ат. ҚМУ*

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманда тек қана Қазақстан Республикасында емес, бар әлемге белгілі елдердің бәрі саяси, экономикалық және құқықтық тұрақтылықты көздейді. Демократия принциптеріне сәйкес, әр мемлекеттің басты қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтары екені бізге мәлім. Мемлекет тарапынан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету міндеті жатады, алайда заңда көрсетілген нормаларға бәрі де бірдей бағына бермейді. Әсіресе, мемлекет тарапынан берілген лауазымды шегінен тыс пайдалану фактілері кездесіп отырады. Сондықтан, ерте заманнан қоғамды іштен жеген құртына айналған індет – сыбайлас жемқорлық мәселесі «Әлемдік проблема» дәрежесіне көтерілуі заңды.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас

мемлекетімізді де жегі құрттай бұл проблема айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық термині латынның «*corruptio*» деген сөзінен шыққан «Параға сатып алу, пара» деген мағынаны білдіреді.

Ежелден, сыбайлас жемқорлықтың түп тамыры көңілден шығу үшін жай ғана шағын сыйлық жасаудан басталса керек. Қымбат сыйлықтар адамдарды бір – бірімен салыстырмалы бәсекеге түсіріп, бірінен–бірін бөлектеп тұратын жайға соқтырып, сый – құрмет көрсету арқылы қалай да болсын әркім өз дегеніне жетіп отырған.

Өркениетті мемлекеттердің жоғарғы лауазымдағы тұлғаларын ірі коммерциялық корпорациялардың параға сатып алуы шетелдерде бұқаралық сипат алған кезендерге тарих куә. Сыбайлас жемқорлық қайбір елдің де экономикасын, мәдениетін, мемлекеттік құрылымын, дамуын тежеп қана қоймай оны артқа жіберіп, ондағы тәртіп пен тыныштықты бұзатынын тарихтың өзі дәлелдеп берді.

Әлем тарихында сыбайлас жемқорлықтың салдарынан қоғам ішінде әділетсіздік өршіп, оның нәтижесі азаматтық соғыстың басталуына әкеліп соққан мысалдар да аз емес.

Мемлекет, қоғам және бизнестің сенім, өзара жауапкершілік, әріптестік, айқындық, ашықтық пен есептілік қағидаттарына негізделген жаңа үлгідегі қарым-қатынасын қалыптастыру – бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің өзекті шарты болып саналады.

Алайда, сыбайлас жемқорлық бүгінгі күні қоғамымыздың барлық саласында дендеп еніп, барлық салаға өз зардаптарын тигізіп отыр. Осы орайда бұл келеңсіз құбылыспен күресу барлық ұлтжанды азаматтардың парызы екенін ұмытпауымыз тиіс. Мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындардың өзгенің тағдырына, жұмысына деген немқұрайлылығы, тойымсыздығы, қарапайым азаматтардың құқықтық сауатсыздығы мемлекетімізде жемқорлықтың асқынуына жол ашқаны ешкімге жасырын емес. Сондықтан соңғы уақытта жемқорлықпен күресуге бүкіл халық болып ат салысу керектігі күн тәртібіне шығып отыр [2, б.1].

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады:

1.Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;

2.Құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;

3.Кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;

4.Кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының

мардымсыздығы;

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз [3, б.1].

2014 жылы Бас прокуратураның қамқорлығымен 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстер әзірленді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін болатын жауапкершілікті күшейту туралы ұсыныстар қолдау тапты. Осылайша, бас бостандығынан айыру секілді жазамен қатар, міндетті түрде тәркілеу және еселік айыппұл тағайындалады. Белгілі бір лауазымдар атқару немесе белгілі бір мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру аталған құқықтан өмір бойы айыруға ауыстырылды, шартты түрде соттау шарасын қолдануға, тараптардың бітімге келуіне байланысты жауапкершіліктен босатуға, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаған тұлғаларға кепіл белгілеуге тыйым салынды.

2015 жылы құқық қорғау органдары жеке құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Мемлекеттік қызметшілердің арнамыс кодексін сақтау мәселелері Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында қаралды [4, б.2].

2015 жылдан бастап қабылданған жаңа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламаны сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында құрылған бағдарламалардың бірі. Жемқорлық — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқынуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған Сыбайлас

жемқорлықпен күресудің 2015-2025 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы мемлекеттің және тұтас қоғамның күшін жемқорлыққа қарсы жұмылдыруға бағытталған. Сонымен қатар, қоғамда жемқорлыққа төзімсіздік мәдениетін және білім мен тәрбиенің барлық деңгейінде жемқорлыққа қарсы дағды моделін қалыптастыру мәселелері де қамтылған. Бағдарламаны жүзеге асырудың басты міндетіне - Қазақстанда маңызды үш элементтен тұратын жүйені құру жатқызылады. Біріншісі, азаматтарға қызмет ететін тиімді мемлекет, екіншіден, ол - экономикалық дамудың қозғаушы күші, азаматтық қоғамның тірегі ретіндегі мықты бизнес, үшіншіден, жауапкершілікті азаматтық қоғам. Сыбайлас жемқорлықты жою – біздің халқымыз бен мемлекетіміздің іргелі құндылығы – Тәуелсіздігімізді нығайтудың өзекті шарты. Сондықтан, бағдарламаның негізгі мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін көзқарас пен құқықтық сананы қалыптастыру, мемлекетті, қоғам мен бизнесті осы әлеуметтік кесепатқа қарсы жұмылдыру болып табылады [2,с.1].

Бұл мәселе бар әлемге қатыстылығы бойынша «халықаралық» статусына ие болуына байланысты Transparency International (ары қарай TI ) атты сыбайлас жемқорлықты зерттеу мен онымен күресуге бағытталған халықаралық Үкіметтік емес ұйымы жыл сайын «Жемқорлықты түйсіну индексі» жариялайды.

2014 жылғы зерттеу нәтижесінде нәтижесіне пікір білдірген Transparency International ұйымының басшысы Хосе Угас: «2014 жылғы жемқорлықты түйсіну индексі билік басындағылар мен жоғары лауазымды шенеуніктер қызметін асыра пайдаланып, жеке мүддесі үшін мемлекеттің қаржысын талан-таражға салғанда, елдің экономикалық өсімі құрдымға кетіп, жемқорлыққа бағытталған шаралар еш нәтиже бермейтінін көрсетіп отыр», - деп мәлім етті. Индекс іскерлік орта мен сарапшылар тарапынан мемлекеттік саладағы жемқорлық деңгейін түйсіну дәрежесін көрсетеді.

Ұйымның пайымынша, әлемде жемқорлықтан құлан таза ел Дания екен, ол ең жоғары деген 100 ұпайдың 91-сіне ие болып, рейтингтің көшін бастады. Қазақстан Республикасының бұл мәселе бойынша жағдайы әлдеқайда қиын болғанымен, жыл сайын көрсеткіші жақсарып келеді. Мысалы, 2013 жыл бойынша шыққан рейтингке сәйкес біздің ел 140 орынға ие болса, 2015 жыл бойынша 123 орынға көтерілдік [5,с.1].

Біздің еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына соңғы уақыттарда маңызды өзгерістер енгізілу үстінде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданды.

Аталған Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық дегеніміз – мемлекеттік қызметшілердің және оларға теңестірілген лауазымды адамдардың



өздерінің лауазымдық, қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу болып табылады.

Осы заңның ерекшелігі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процесіне барлық қоғамның атсалысатындығы болып отыр. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қолынан келгенінше әрекет етуі қажет.

Бұл мақсатта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу заңнама жүзінде қарастырылған [1, б.2].

Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған немесе оған қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын «көтермелеу» белгіленіп отыр. Ол туралы «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысында көрсетілген.

Ақшалай сыйақы түріндегі көтермелеу келесідей мөлшерде белгіленеді: сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша хабарлаған тұлғаға – 30 айлық есептік көрсеткіш, онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — 40 АЕК, ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша — 50 АЕК, ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 70 АЕК, аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 100 АЕК.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем беруді қамтиды.

Мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде және одан әрі жоғарылату кезінде білімі, еңбек өтілі, сондай-ақ қызметшілердің атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті құзыреттіліктердің болуы басты назарға алынады [6, б.1].

Мемлекет басшысының меритократияны қорғау және сыбайлас

жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексінің қабылдануы ерекше орын алады. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральды-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттары айқындалды.

Осыған сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлықпен күресу тактикасы оң болғанымен, бұл мәселенің шешілу мерзімі бірнеше жылдық уақыт емес екенін түсіну керек. Сонда да, сыбайлас жемқорлықты толығымен жеңудің өзі логикаға қонатын нәрсе емес, бірақ мемлекетті жайлаған бұл індеттен біршама тазару үшін жалғыз Үкіметтің күші жетпес. Сондықтан, қарапайым халықтың көмегі елімізге ауадай қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жыл 18 қараша
2. А.С. Иманғалиев «Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары: кеше және бүгін» атты ғылыми-тәжірибелік конференция // «Өркен» газеті // № 1 (906) ақпан
3. Ұ. Ажикенова «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» [электрондық ресурс] // [www.zkoipk-1c](http://www.zkoipk-1c) <http://www.zkoipk.kz/ru/ss1/1140-conf.html>
4. Т. Темірәлиев «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының бағыттары туралы» [электрондық ресурс] // [www.prokurog.gov.kz](http://www.prokurog.gov.kz) //
5. А. Айдархан «Казахстан в рейтинге коррупции: ниже Гамбии и Сьерра-Леоне» // [электрондық ресурс] // [www.rus.azattyk.org](http://www.rus.azattyk.org) // 27.01.2016-1с <http://www.bagalau.kz/kz/news/kp/i4062>
6. А. Оташев «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ – біздің мақсатымыз» [электрондық ресурс] // «Наш Костанай» // [www.top-news.kz](http://www.top-news.kz)

Автор жайлы мәлімет:

Набиев Ноян, Қостанай қ., Қазақстан.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 3 курс студенті

*Серікбеков Д.С.  
3 курс студенті  
мамандығы «Юриспруденция»  
Ғылыми жетекші – Нұрханова Л.Т.,  
аға оқытушы, А. Байтұрсынов ат. ҚМУ*

## АДАМЗАТ ҚҰНЫ ӨЛШЕУЛІ

Адам сату, бұл — миллиардтаған ақша түсіретін қылмыстық іс. Сондықтан да қылмыстың бұл түрі бүкіл әлем бойынша өршіп тұр.

Дүниежүзінде есірткі мен қару-жарақ сатудан кейінгі қатты дамыған адам саудасы, өкінішке орай, біздің де елімізді айналып өтпепті. Көші-қон бойынша халықаралық ұйымның статистикалық деректеріне сүйенсек, соңғы 10 жылда түрлі мақсатқа шетелдерге «сатылған» адамдардың дені қазақстандықтар және олардың көбісі біздің еліміз арқылы өтіпті. Бұған Қазақстанның Еуропа мен Азияның қақ ортасында орналасуы себепші болып отыр дейді мамандар.

Адам-есірткімен Құлдыққа сатылған азаматтардың жалпы саны 2004 жылдан басталған есеп бойынша былтырға дейін 1004 болса, соның 491-і біздің еліміздің, 414-і көрші өзбектердің үлесіне тиеді екен. Адам саудасы жөнінен Қазақстан Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Тәжікстан, Белорусь, Молдова, Түркіменстан, Монғолия, Нигерия, Филиппин секілді елдердің арасында алдыңғы қатарда тұр.

Адам саудалаушылар көбінесе ұйымдасқан топтың мүшелері болып келеді, олар өз құрбандарын арбау, тасымалдау және қанау үшін бірлесіп, жұмыс істейді. Олардың бар мақсаты — тек қана ақша табу, мұндайлар ештеңенің обал-сауабына қарамайды. Олар адамды Қазақстанның өз ішіне де, шетелдіктерге де сатып жібереді. Құлдықта жүрген 1004 адамның 533-і жыныстық қанау, қалған 471-і еңбекте қанауда жүрген көрінеді. Құлдықта жүрген 1004 адамның 157 –і 17 жасқа дейінгілер екен.

Нақты дереккөздеріне сенсек, арзан жұмыс күші саналатын ұрланған адамдарға жөнді тамақ пен еңбекақы төленбейді. Оларды адам қатарына қоспайтын қожайындары өлсе құны жоқ құлдарды күндіз-түні ауыр жұмысқа салып, аяусыз еңбектің нәтижесінде байыған үстіне байи түсуде.

Мамандардың сөзінше, адам саудасы мынандай 9 топқа бөлінеді екен. Олар: 1) жыныстық қанау мақсатында жасалатын әйелдер мен балалар саудасы; 2) еңбекте қанау, құқыққа немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту мақсатында; 3) сурогаттық ана болуға мәжбүрлеу үшін жас әйелдерді, қыздарды сату; 4) мәжбүрлі қайыршылыққа тарту; 5) қарулы қақтығыстарға пайдалану; 6) дене мүшелері мен тіндерді

трансплантациялау; 7) заңсыз бала асырау арқылы кәмелетке толмағандарды сату; 8) бала туу мүмкіндігін қанау; 9) жұмыс пен қызмет жасауға мәжбүрлеу мақсатымен некеге тұру, оның ішінде «пошта арқылы қалыңдық іздеу» жүйесін ұйымдастыру және неке агенттіктерін пайдалану арқылы адам саудасын жүзеге асыру.

Алда-жалда алаяқтың құрсауына түсіп қалсаңыз, бірден сол жердегі Қазақстан Үкіметінің дипломатиялық өкілдігіне немесе сол жердегі құқық қорғау органдарына барып, көмек сұрағаныңыз дұрыс. Әлемнің 100-ден астам елдерінде көші-қон бойынша халықаралық ұйымдар жұмыс істейді, солардан да көмек сұрауға болады. [2, б.1]

Таныстарыңыз немесе шетелдік ұйымдар сізге шетелде жұмыс ұсынысын жасадыма? Олай болса, құлсатушылардың «желісіне» түсіп кетпес үшін мына кеңестерге құлақ түріңіз:

1. Шетелде қызмет етуді ұсынатын агенттіктің ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі беретін лицензия барын, оның заңды жұмыс істеп жатқанын біліңіз

2. Шетелге шықпай тұрып, жұмысқа орналасу туралы келісімшартқа қол қойыңыз. Сізге қол қоюға берген келісім-шартты мұқият оқып шығыңыз, оның бір данасы өзіңізде қалуы керек. Сізге ұсынып жатқан қызметтің бір данасы өзіңізде қалуы керек. Сізді шетелге жіберіп жатқан фирмаға еш қатысы жоқ заңгермен кеңесіңіз. Келісім-шартта жұмыстың жағдайы, тұратын жер, жалақы және медициналық сақтандыру туралы айтылуы тиіс.

3. Жұмыс істеушінің визасын алыңыз, туристік виза сізге жұмыс істеуге ешқандай құқық бермейді. Барамын деп шешкен елдің Елшілігіне барып, дәл сол жұмыс түріне жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы біліңіз.

4. Медициналық сақтандыруды рәсімдеңіз.

5. Барлық құжаттарыңыздың, визаңыздың, төлқұжатыңыздың жоқ дегенде екі көшірмесін жасатып алыңыз, оның біреуін өзіңізбен алып жүріңіз, ал екіншісін туыстарыңызға қалдырыңыз. Бұл — құжаттарыңызды тартып алса немесе жоғалтып алсаңыз керек болады.

6. Өз туыстарыңызға қайда, кіммен бара жатқаныңызды тұратын жеріңіздің мекен-жайы мен телефонын қалдырыңыз. Өзіңіздің туыстарыңызбен «егер белгілі бір уақыт аралығында хабарласпам, онда басыма қауіп төніп тұрғанын білдіреді» деп келісіп алыңыз.

7. Шетелге шықпас бұрын алдын-ала, сол елде сізге көмектесе алатын ұйымдардың мекен-жайлары мен телефон нөмірлерін жаттап алыңыз. Бұл Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілеттіліктері, үкіметтік емес ұйымдар, сонымен қатар жұмысқа орналасқан елдегі көші-қон бойынша халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

8. Баратын елдің тілін үйреніңіз, сіздің мамандығыңыз бен

біліктілігіңіздің таңдап алған қызметіңізге сәйкестігін біліп алған жөн.

9. Егер де Сіз бәрібір «құл сатушылардың» құрбанына айналып, алайда олардан қашып үлгерсеңіз, өз консулдығыңыздан немесе басқа елді мекеннен қолдау күткеніңіз дұрыс.

Есіңізде болсын! Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің құжаттарыңызды, көші-қон қызметі немесе құқық қорғау органдары өкілдерінен басқа ешкімге бермеңіз. Өз құжатыңыз тек сізге ғана тиесілі! Сақ болыңыз, кез-келген ұсақ-түйекке көңіл бөлгеніңіз дұрыс.

Пайдалы сілтемелер:

1) [www.migration.ucoz.kz/publ/5-2-2](http://www.migration.ucoz.kz/publ/5-2-2) — «Миграция.kz» сайты;

2) [www.rodnik.kz/](http://www.rodnik.kz/) — «Әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу орталығының» сайты.

Хабарласу үшін телефондар: 116 16 – адам саудасына қарсы күрес бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны (республиканың барлық өңірлерінен қалалық және ұялы телефон арқылы байланысуға болады), сондай-ақ 119, 8 8000 80 80 50, 8 (7172) 509 509.

Интернет арқылы іздеу. Сіз Интернет арқылы да осы тақырып бойынша көптеген материалдармен таныса аласыз. Ол үшін іздеуге арналған сайттар, мысалы [www.google.kz](http://www.google.kz), [www.rambler.ru](http://www.rambler.ru), [www.yandex.ru](http://www.yandex.ru) сияқты жүйелерде «адам саудасы», «адам саудасының құрбаны болмау үшін не істеу қажет» жәнет.б. кілт сөздерді теру керек. [3, б.1]

XX ғасырдың басынан бастап осы күнге дейін адамды саудаға салу күннен-күнге дамып келе жатқан қылмыс түрі болып табылады. Қазіргі таңда қылмыстың бұл түрін ауқымды трансұлттық проблемалардың қатарына жатқызсақ та қателеспейміз. Криминология көзқарасынан алатын болсақ, бұл қылмыстың жасалуынан көптеген мемлекеттерге залал келіп отыр, сол себепті бұны осындай көлемдегі проблема ретінде қарастырамыз.

ҚК-ң 128-бабында «Адамды саудаға салу» түсінігі - адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау.

Адамдарды оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге және Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдау, ауыстыру адам трафигі деп аталады.

Адам саудасына қарсы 1926 жылы қабылданған Ұлттар Лигасының Құлдық туралы Конвенциясы бар, араға 4 жыл салып, 1930 жылы Күштеп жұмысқа тартуға тыйым салу туралы тағы бір Конвенция өмірге келген. 1949 жылы Адам саудасы және жыныстық құлдыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы пайда болады. 2000 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам саудасын жою мен ескерту туралы Қаулысын қабылдайды. 23 тамыз – Халықаралық құл саудасы құрбандарын еске алу, 2 желтоқсан –



Халықаралық құлдыққа қарсы күн болып белгіленген. Адамды құлдыққа салудың бұл формасы «адам саудасы» деген терминмен түсіндіріледі (трафик). Оның таралу тарихы қысқаша былай болған. Адам саудасы ең алғаш рет құқық қорғаушылар тарапынан ХХ ғасырдың басында өзекті мәселе ретінде көтерілген. Сол кездегі халық өз назарын континентальды Еуропаға Ұлыбританиядан әкелініп, жезөкшелікке мәжбүрленген әйелдерге аударды.

«Адам саудасы» термині осылайша түпкілікті қалыптасты. Оған құқықтық тұрғыда былай деп анықтама береді: адам саудасы – адамдарды пайдалану мақсатында қылмыстық әрекетке тарту, басқа жаққа алып өту, басқаға өткізу, жасыру немесе күш көрсету не мәжбүрлеудің басқа да формасы арқылы адамдарды алу, ұрлау, алаяқтық жасау, алдау, билікті бас пайдасына асыру, әлеуметтік немесе психологиялық жағдайының нашарлығын пайдалану не басқа тұлғалардың бақылауындағы адамдарды өтем орнына сатуға келісімін алу. Қысқасы, адамның бас еркіндігінен тыс саудаға салу деген сөз.[4, б.1]

IWPR зерттеушісінің мәліметіне қарағанда, Қазақстанда адам ұрлау және құл ұстау қылмыстары көбейіп келеді. «Осы қылмысқа қатысты үкіметтің, полиция мен құқық қорғау органдарының немқұрайдылығы да проблеманы күрделендіріп тұр» дейді адам саудасымен күресушілер.

Жалпы, Қазақстан – адам саудасының «тасымал жолы» ретінде айтылады. АҚШ мемлекеттік департаментінің адам саудасына қатысты өткен жылғы есебінде «Қазақстан – адам ұрлау қылмыстарын жүзеге асыратын қолайлы аймақ» деп жазылған. «Қылмыстық топтар құрбандарын басқа елге тасығанда Қазақстанды транзиттік территория ретінде пайдаланады» дейді бұл қылмысқа қарсы күресушілер.

Ал IWPR мамандары «Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан ұрланған адамдар Қазақстан арқылы Ресей, Біріккен Араб әмірліктері, Түркия және Грекия сияқты елдерге әкетіліп жатыр. Алданған әйелдерді негізінен жыныстық жұмыстарға жегеді» деп біледі. [5, б.2]

#### 128-бап. Адам саудасы

1. Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

#### 2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;

- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 6) екі және одан да көп адамға қатысты;
- 7) транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
- 8) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
- 9) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 10) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып;
- 11) кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 12) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау мақсатында жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты мұндай іс-әрекеттерді жасау мақсатында адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. [1, б.77]

Адам саудасы қылмысымен күресуде бір ғана мемлекет емес, жалпы халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, мемлекеттер арасындағы мемлекет үшін қауіпті қылмыстарға бірлесе тойтарыс беру керек. Ол үшін әрбір қатысушы, мүдделі елдердің құқықорғау органдары бірлесе, жедел әрекет етулері маңызды рөл атқармақ. Адамды саудалау арқылы табыс табуды әдетке айналдырған қылмыстық топтардың заңсыз ақшаларын басқа да қарулы топтар құруға жұмсап, мемлекет қауіпсіздігі мен тұрақтылығына аса қауіп төндіруі мүмкін. Осы орайда қауіпсіздікті

нығайтуда атқарылатын жұмыстар көп.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі [http : // adilet.zan.kz / kaz /](http://adilet.zan.kz/kaz/)
2. Адам саудасы асқынып тұр, / [http: // www. kazakhstanzaman.kz/7467/adam-saudasy-as-y-ny-p-t-r/-1-2c](http://www.kazakhstanzaman.kz/7467/adam-saudasy-as-y-ny-p-t-r/-1-2c)
3. Адам саудасының құрбаны болудан қалай сақтануға болады? /<http://bigox.kz/adam-saudasynyn-kurbany-boludan-kalaj-saktanuga-bolady/>
